И. Масуда придерживался позиции, что ключевым изменением в личности информационного этапа развития станет трансформация её системы ценностей, а именно уничтожение ориентации потребителя. На смену характерной ценности для индустриального общества – потребления, в информационном обществе, по мнению Масуды, в качестве наиболее характерных выдвигаются «информационные ценности», в частности время. [6]

Мир вступает в новую эру – информационную, в век электронной экономической деятельности, сетевых сообществ и организаций без границ. Приход нового времени радикально изменит экономические и социальные стороны жизни общества. Такое изменения самым прямым образом касаются места человека в информационном мире.

Как отмечает В.Б. Устьянцев, информатизация повседневной жизни и появление нового информационного поля человеческого бытия не проходит бесследно для жизненного мира человека. В электронном пространстве изменяются поведенческие стандарты и ценностные ориентации личности. [7]

Человек в современном мире невольно раздваивается на две самостоятельные независимые друг от друга субстанции: реальную и виртуальную.

Новая информационная технология впервые открывает перспективу для колоссального усиления этих фундаментальных особенностей человека, для их применения в невиданных ранее масштабах. Но каковы будут последствия ее внедрения и применения, зависит от социальных, культурных и цивилизационных структур и механизмов, от идеалов и идеологий, от социальных моделей будущего и утопий, мифов, ценностей и политических установок, страстей. Амбиций, этнических традиций и предрассудков, во власти которых находится современный человек.

Эта новая, высшая информационная технология может, как и все предшествовавшие технологии, служить добру и злу. Человек должен сделать особый, сверхдетерминирующий выбор, основанный на четком понимании ужасающей силы связанных с ней негативных последствий, а также конструктивных, позитивных возможностей. Человек своей деятельностью преобразует мир, самого себя, общество.

Список использованной литературы:

1. EPA: Economic Planning Agency. Japan's Informations Society: Themes and Visions. 1969.
2. Bell D. The Coming of Post-Industrial Society. A Venture in Social Forecasting. N.Y., 1973.
3. Masuda Y. The Informations Society as Post-Industrial Society Wash., 1981.
4. Ракитов А.И. Философия компьютерной революции. М.: Политиздат, 1991.
5. Бехманн Г. Современное общество: общество риска, информационное общество, общество знаний. М.: Логос, 2010. С. 33–34.)
6. Masuda Y. The Information Society as Postindustrial Society. Wash.: Wold Future Soc., 1983. P. 75.
7. Устьянцев В.Б. Пространство информационного общества // Информационная цивилизация: пространство, культура, человек. Саратов. 2000. С.7.
8. См.: Чугунов А.В. Развитие информационного общества: теории, концепции и программы: Учебное пособие. - СПб.: Ф-т филологии и искусств СПбГУ, 2007. - 98 с

References:

1. EPA: Economic Planning Agency. Japan's Informations Society: Themes and Visions. 1969.

2. Bell D. The Coming of Post-Industrial Society. A Venture in Social Forecasting. N.Y., 1973.
3. Masuda Y. The Informations Society as Post-Industrial Society Wash., 1981.
4. Rakitov A.I. Philosophy of the Computer Revolution. M.: Politizdat, 1991.
5. Behmann G. Modern society: risk society, information society, Knowledge Society. M.: Logos, 2010. pp. 33-34.)
6. Masuda Y. The Information Society as Postindustrial Society. Wash.: Wold Future Soc., 1983. P. 75.
7. Ustyantsev V.B. Information society space // Information civilization: space, culture, man. Saratov. 2000. p.7.
8. See: Chugunov A.V. Development of the information society: theories, concepts and programs: Textbook. - St. Petersburg: Faculty of Philology and Arts of St. Petersburg State University, 2007. - 98 p

УДК: 372.8

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЫНИ ОЙЛАУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ (ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ НЕГІЗІНДЕ)

Көпберген А.,

7М01301-«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 1-курс магистранты,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда, Қазақстан Республикасы

Аннотация. Мақалада, бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілі пәні негізінде сыни ойлау дағдысын қалыптастырудың жолдары қарастырылған. Жаңа технологияны әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыру үшін сыныптағы оқушылардың қабілетін байқап, ары қарай дамытуға көп көмегін тигізу қажет. Бүгінде оқыту процесінде соның ішінде бастауыш сыныптарда жиі қолданып жүрген технологиялардың бірі «Сын тұрғыдан ойлау» технологиясы. Оқу мен жазу арқылы Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы біздің көптеген тұйыққа тіреліп қалған оқыту мәселелеріне көмектесе алды. Мақалада, мектептегі сабақта оқушылардың сын тұрғысынан ойлау негіздерін қалыптастырудың алғышарттары мен әдістемесі ұсынылған.

Түйін сөздер: сыни ойлау, оқыту, технология, әдістеме, қазақ тілі, бастауыш сынып.

ФОРМИРОВАНИЕ НАВЫКОВ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ (НА ОСНОВЕ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА)

Көпберген А.,

магистрант 1 курса специальности 7М01301 - «Педагогика
и методика начального образования»,
Кызылординский государственный университет им. Коркыт Ата,
Кызылорда, Республика Казахстан

Аннотация. В статье рассмотрены пути формирования у младших школьников навыков критического мышления на основе предмета казахский язык. Новая технология подбирается каждым педагогом в зависимости от его мастерства с учетом возрастных

особенностей своих учеников, сидящих перед ним. Чтобы реализовать новые технологии, необходимо проявить способности учащихся в классе и оказать большую помощь в дальнейшем развитии. Сегодня одной из наиболее часто используемых технологий в процессе обучения, в том числе в начальных классах, является технология «критического мышления». Программа развития критического мышления через чтение и письмо смогла помочь многим нашим тупиковым проблемам обучения. В статье представлены предпосылки и методика формирования основ критического мышления учащихся на уроке в школе.

Ключевые слова: критическое мышление, обучение, технология, методика, казахский язык, начальные классы.

FORMATION OF CRITICAL THINKING SKILLS OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS (ON THE BASIS OF KAZAKH LANGUAGE)

Kopbergen A.,

1st year undergraduate in 7M01301 - "Pedagogy and Methodology of Primary Education",
Korkyt Ata Kyzylorda State University,
Kyzylorda, Republic of Kazakhstan

Annotation. The article considers the ways of formation of critical thinking skills in younger schoolchildren based on the subject of the Kazakh language. The new technology is selected by each teacher depending on his skill, taking into account the age characteristics of his students sitting in front of him. In order to implement new technologies, it is necessary to demonstrate the abilities of students in the classroom and provide great assistance in further development. Today, one of the most frequently used technologies in the learning process, including in elementary grades, is the technology of "critical thinking". The program for developing critical thinking through reading and writing has been able to help many of our dead-end learning problems. The article presents the prerequisites and methods of forming the foundations of critical thinking of students in the classroom at school.

Keywords: critical thinking, teaching, technology, methodology, Kazakh language, elementary classes.

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуін, өркениетті дүниеде өзіндік орын алу оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, дамыту бағытына байланысты. Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында: «Бастауыш мектептің негізгі міндеттері – баланың жеке басының алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, олардың қабілеттерін ашып, дамыту, оқуға деген ынтымақтық тәжірибесінің берік дағдыларын меңгерту» делінген.

Тәуелсіз еліміздің білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер қоғамның жас ұрпақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі терең сезіліп отырған бүгінгі таңда оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыру бағытында барлық мүмкіндіктерді пайдалануды көздейді. Еліміздің болашағы балалардың білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді. Қазіргі кезде білім беру әлеуметтік құрылымының маңызды элементтерінің біріне айналды. Білімнің әлеуметтік рөлінің артуына байланысты адамдардың болашағы алған білімдерінің деңгейіне, сапасына, көлеміне, дәрежесіне тікелей қатысты болады. Сондықтан мұғалімдерге жауапкершілік, үлкен міндет жүктеледі. Мұндай міндетті шешу мұғалімдерден мектепте оқушыларға берілетін негіздерін олардың болашақ іс-әрекетінің берік негізі әрі тірегі болатындай етіп, оқытуды, оқу-тәрбие үрдісін, білім мазмұнын түбірімен жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр алуан құралдарын

қолданудың тиімділігін арттыруды, педагогикалық жаңалықтарды тәжірибеге батыл енгізуді жүзеге асыруды талап етеді [1, 2 б.].

Жаңа технологияны әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыру үшін сыныптағы оқушылардың қабілетін байқап, ары қарай дамытуға көп көмегін тигізу қажет.

Бүгінде оқыту процесінде соның ішінде бастауыш сыныптарда жиі қолданып жүрген технологиялардың бірі «Сын тұрғыдан ойлау» технологиясы.

Оқу мен жазу арқылы Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы біздің көптеген тұйыққа тіреліп қалған оқыту мәселелеріне көмектесе алды. Бұл әдістің «сын тұрғысынан ойлау» деп аталғаны сын көзқараспен қарау деген мағына емес, талдап, ойлаумен ұштастыра білім алуды бағыттайтын оқыту технологиясы.

Сын тұрғысынан ойлау – өте күрделі, маңызды құбылыс. Мұғалім осы әрекетті ұйымдастырушы, бағыттаушы. Оқушы әр түрлі ақпарат көздерінен сусындап, өз түйінін айта білуі керек. Кез келген мазмұнды талдау барысында өз тобымен ұйымдасып пікірлесіп, ең ұтымды жауапты іздеуі керек. «Сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын пайдалана отырып өткен сабақтардың әсері мол.

Сабақта оқушылардың сын тұрғысынан ойлау негіздерін қалыптастырудың алғы шарттары мыналар:

- сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастыру үздіксіз түрде жүзеге асырылуы керек;
- оқыту үрдісін айқын түрде демократияландыруды қадағалау.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын дамыту төмендегідей нәтиже береді:

- білім алушының белсенділігін арттыру;
- пәнге қызығушылығын арттыру;
- өзіндік көзқарасын білдіруге мүмкіндік беру;
- зерттеуге икемділігін дамыту;
- сөйлесім әрекеті белсенділігін арттыру;
- білім алушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасай біледі;
- басқаларды тыңдауды, кез келген жауапқа сыйластық, түсіністікпен қарау.

Жалпы, сын тұрғысынан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар сұрақтар қойып дәлелдерді талдайды [2, 7 б.].

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түпкір-түпкірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Жобаның негізі Ж. Пиаже, Л. Выгодский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты: Барлық жастағы оқушыларға кез-келген мазмұнға сын тұрғысынан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, саналы шешім қабылдауға сабақтарға үйрету. Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға, тез арада дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін бірден-бір тиімді технологиясы. «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясын пайдаланатын әр ұстаз өз педагогикалық қызметінде, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа дегенде көзқарасының мүлдем өзгергенін байқайды.

Сын тұрғысында ойлау әдісі мұғалім қызметінде ұйымдастыра оқыту, оқушылардың жеке топпен жұмыс жасау негізінде білім алуымен ұштасады. Бұл модуль оқушының жекелеген мүмкіндіктері мен қабілеттерін ашуға бағытталады. Бұл әдістің ерекшелігі оқу әдісінде қолданылады. Яғни оқушылардың ауызша және жазбаша тілін, ойлау, есте сақтау қабілетін, әрбір ақпаратқа, сонымен бірге өзінің және басқаның шығармашылығына сыни қарауына, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталады.

Сын тұрғысынан ойлау-сынау емес, шыңдалған ойлау. Бұл технологияның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым 3 сатыдан тұрады: итермелеу сатысы, конструкциялау сатысы, нұсқалау сатысы.

Сыни ойлау – өзіндік ойлау. Сыни ойлау – сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды. Сыни ойлау- әлеуметтік ойлау, бірлесе оқыту идеясы. Сыни ойлау және оқыту мұғалімдер идея мен тәжірибенің әртүрлілігін түсінгенде және қолданғанда пайда болады. Сыни ойлауға оқыту – жеңіл міндет емес. Оны белгілі кезеңде орындап, кейін ұмытып кетуге болмайды. Сыни ойлауға апаратын қатаң реттелген қадамдар тізімі жоқ.

Дегенмен сыни ойлауға үйрету үшін мына төмендегі шаралар орындалуы шарт:

1. Сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт беру арқылы мүмкіндік жасау
2. Оқушыларға ойлануға рұқсат беру.
3. Оқушылардың әр түрлі идеялары мен пікірлерін тыңдау.
4. Үйренудегі оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау.
5. Сенімділік.

Мұғалімнің іс-әрекеті:

- Топқа бөліп ой қозғайды
- Тақырыпқа қызықтырып бағыттайды
- Шығармадағы ең қажетті, құнды нәтижені анықтауды ұсынады.
- Ойларын жазуды ұсынады
- Қорытындылауға бағыттайды

Оқушылар іс-әрекетінде мынадай өзгерістер байқалады:

1. Бірлесіп жұмыс істеуге, шешім қабылдауға, өзі білмегенін үйренуге, білгенін ортаға салуға үйретеді.
2. Ұжымдық, жұптық, топтық жұмыс істеу дағдылары қалыптаса бастайды.
3. Білімді өз бетінше іздеуге, салыстыра болжауға, ойын еркін жеткізе білуге дағдыланады.
4. Оқушылар сабақтың басынан бастап білімді игеруге белсене кіріседі, қызығушылығы артады.
5. Сабаққа енжар қатысып отырған оқушыларда ерекше белсенділік пайда болады.
6. Өзін-өзі бағалауға
7. Саралауға
8. Ғылыми жұмыспен айналысуға
9. Өз пікірін қалыптастыру «Мен» деген рөлін көтеру [3, 7 б.].

«Сын тұрғысынан ойлау» стратегияларын жаңа сабақты өз бетінше меңгерту үшін қолданған тиімді. Сабақты өз бетінше меңгеру үшін мағынаны тану кезінде түртіп алу әдісін пайдаланамын. Бұл әдісті мәтінмен жұмыс жүргізгенде қолданамын. Оқушы ең алдымен тақырыпты өзі оқиды, таныс мәліметтерді белгілейді, өзі білмеген мәліметтерді табады да кестені толтырады, білмегенін мұғалімнен сұрайды, нені білгісі келетінін айтады. Мысалы, «Негізгі және туынды етістік» тақырыбындағы сабағымда «етістік туралы не білемін?», «негізгі және туынды етістік туралы не білгім келеді?» , «негізгі және туынды етістік туралы не үйрендім?» деген сұрақтарға жауап беріп, кестені толтырды. Өздерінің ойларын ашық жеткізді және әрбір оқушы негізгі және туынды етістік туралы бір нәрсе үйреніп кетті.

Жалпы сыни ойлау арқылы оқыту барысында мұғалімдер:

- Оқушыларды топқа бөліп ой қозғатуды;
- Оқушыларды тақырыпқа қызықтырып бағыттауды;
- Тақырыптағы ең құнды мәселелерді анықтап ұсынуды, зерттеуді;
- Оқушылардың өз-өздерін реттеуге, бағалауға, білімдерін өздіктерінен саралауға бағыттауды;
- Оқушылардың, әріптестердің, тренерлердің ұсыныс-пікірлерін қабылдауды;
- Сыни тұрғыдан ойлай отырып мәдени күнделік толтыруды үйренеді.

Мен өз сабақтарымды өткізе отырып оқушылардың сыни тұрғысынан ойлауын бағалау мақсатында сабақтың әр сатысында қолданылатын әдіс-тәсілдердің маңызы зор

деп білемін. Оларды мақсатты, тиімді қолдана білу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Енді осы кезеңдердің мақсат-міндеттеріне тоқталып өтсем

Бірінші кезең-итермелеу сатысы. Бұл сатыны, сондай-ақ уәждендіру- оқушыларды қалай қызықтыру керек деген сұраққа жауап деп қарауға болады:

– Оқушы өміріндегі контекске қатысы бар, шын мәніндегі мәселені ұсыну және оқыту мақсатын бірлесіп дайындау;

– Оқушының бұрынғы тәжірибесімен байланыс орнату;

– Оқушының бұрынғы тәжірибесімен байланыс орнату;

– Жаңа идеяны түсінуге платформа дайындау [4, 45 б.].

Үйрену процесі – бұрынғы білетін мен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да сабақ қарастырғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғау, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау» тағы басқа деген аттары бар әдістер жинақталған. Итермелеу сатысының екінші мақсаты–үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шындалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде сыни ойлау арқылы жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы білімімен ұштастырады.

«Негізгі және туынды етістік» тақырыбындағы өткізген сабағымда бұл кезеңде талқылау үшін оқушылар жұптасады. Етістік туралы білетіндері туралы үш минут ойланып, еске түсірген білімдерін кестеге толырды. Топта талқылап, дәптерлеріне жазды. Интерактивті тақтада жазылған «тұр, айт, бар» мысалдарын талдап, «көз,үтік,өрнек» сөздеріне жұрнақтар жалғау арқылы туынды етістік шығарды. Мысалдарды талдай отырып, оқушылар тақырыпты анықтады және талдау арқылы ережені шығарды.Сабақтың тақырыбын шығарған соң,сабаққа «бүгін біз негізгі және туынды етістікті үйренуіміз керек» деген мақсат қойды.

2-сабағым «Жаттығу жұмысы» тақырыбында «Үш ұйғарым» стратегиясы бойынша алдыңғы сабақта алған білімдерін жұптасып талдап, артық сөзді тауып «неге артық» екенін дәлелдеді. «Бірге ойлаймыз» стратегиясы бойынша 3 топқа тапсырмалар берілді.

1-топ туынды етістікті тап, постерге жазып қорғады.

2-топ Зат есімдерге –ла,-ле,-да,-де,-та,-те жұрнақтарын жалғап туынды етістіктерді жазды.

3-топ Берілген өлеңді оқып, туынды етістікті тапты. Туынды етістікті сөз құрамына талдады.

Соңында өлеңнің ана туралы екенін,өлең мазмұнын қысқаша топтан бір оқушы айтты. Әр топ өздеріне берілген тапсырмаларды ұйымшылдықпен орындады. «Тақырыптық түйінді сөздер» стратегиясы бойынша сабақта алған білімдерін қорытындылады.

«Болымды және болымсыз етістік» тақырыбында өткізілген сабақта «Бұл мәлімет Шындық па немесе Жалған ба?» стратегиясы бойынша берілген сөздерден етістіктерді таба отырып, тақырыпты анықтады. Сабаққа мақсат қойды. Берілген мысалдарды талдай отыра оқушылар ереже шығарды [5, 3 б.].

2-сабағында «Жаттығу жұмысы» тақырыбында ой қозғау мақсатында «Стикерлер тобы» стратегиясы арқылы оқушылардың жаңа сабаққа деген құлшынысын арттыра алдым. Бұл ойын арқылы өткенге де шолу жасай алдым.

Ойлау мен үйренуге бағытталған *екінші кезеңі конструкциялау сатысы*

Оқушының білімін қалыптастыру деңгейінде, оны зерттеу, талдау, жауап табу үшін жеткілікті материал болу керек, ол үшін:

- Материал меңгеру;
- Белгілі және жаңа білімді бөлу;
- Сұрақ қою;

– Барлық мүмкін байланыстарды өткізу. Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауға көмектесетін оқыту әдістері бар.

Тараудағы сабақтарымда интернет материалдарын, видеоматериалдарын пайдаландым. Видеоматериалдарды көру арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артты

Үйренушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құрауға дағдыландырады.

Жаңа алынған білімді айқындайтын және ұштайтын деңгейде оқушыда шешім қабылдай алатын мүмкіндік болу керек:

- оқығанын өзіндік ойлау тұрғысынан көрсете білу
- өз сұрақтарын қою және оған жауаптар табу
- болжау жасай білу және олардың дұрыстығын тексеру
- жаңадан пайда болған жағдайларды тез түсінуде осы білімді қолдану.

Нұсқалау сатысында тақырыпты күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарау, баға беру назардан тыс қалып жатады. Одан гөрі, үйге тапсырма беру, оны түсіндіру, баға қою сияқты шараларға уақыт жіберіп аламыз. Сын тұрғысынан ойлауды дамытуда бұл сабақтағы аса қажетті мәнді, маңызды әрекет болып табылады. Дәл осы кезеңде үйренуші не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді.

Белсенді түрде өз білім үйрену жолына қайта қарап, өзгерістер енгізеді, яғни нағыз білім шыңына көтеріледі, үлкен әлемге енеді. Сол білім арқылы өзінің өзгергенін сезінеді, өзгеше сенім, тәрбиелік, даналыққа бастау алады. Толғануды тиімді етуге лайықталған «Венн диаграммасы», «Толықтыру тесті», «Сәйкестік тесті», «Семантикалық карта» сияқты әдістер әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады. Олар оқушылардың бір-бірімен ой алмастыруын, ой түйістіруін қамтамасыз етеді. Әр оқушы өз шығармашылығын көрсете алады. Сыни ойлай отырып өз-өздерін бағалайды. Әр топқа тақырып бойынша тапсырмаларды бөліп бердім. Оқушылар топта берілген тапсырмаларды орындау барысында белсенділік танытты. Әр топта ынтымақтастық бар.

Постерге тапсырмаларды жазып, топтан бір оқушы тақтаға шығып қорғады.

Сыныптағы қарым-қатынасты зерттеуді көздеген еңбектер белгілі бір өзара әрекеттестік үлгілері, зерттеушілік әңгіме, дәйек пен диалогтің мұғалімдер мен оқушыларды мағына мен білімді игерудегі бірлескен іс-әрекетке тартылуымен қатар, жоғары деңгейдегі ойлау қабілеттері өрістенуіне және зияткерлік қырларының дамуына ықпалын тигізетіндігін көрсеткен. Осы орайда тәжірибе кезінде соңғы сабақ барысында оқушыларға топта «болымды және болымсыз» етістікті қатыстырып, диалог құруға тапсырма бердім. Оқушылар топта диалог құрып, сыныптастарына сұрақ қою арқылы барлық топ мүшелері тапсырмаға белсенділікпен қатысты. Бұл тапсырма топ мүшелерін де, сыныптастарын да сыни ойлауға, көзбен көру және ауызша ақпарат көздерімен тікелей қарым –қатынас жасау оқушыларға дәйектеу дағдыларын шынықтыруға және жеке тәсілдермен білім алуға мүмкіндік берді.

Оқушылар сәйкестендіру кестесін толтыру арқылы етістік түрлерін жаза білуге дағдылана отырып, ойланып, ізденуге әрекеттенеді.

Күрделі етістік	Дара етістік

[Ескерту: Автормен құрастырылған]

«Негізгі және туынды етістік» тақырыбынан алған білімдерін пысықтау мақсатында оқушыларға «Венн сызбасы» тапсырмасы берілді. Сол кезде оқушылар ойларын жинақтап, негізгі және туынды етістікті жеке және ортақ қасиетті айтып шықты. Сонымен, сабағымда сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша үйрету барысында мынадай қорытындыға келдім:

1. Жаңа білім бойынша өз жобалары, болжамдарын тыңдап, талқылау (өздері талдайды, бір-бірін тыңдайды);

2. Өзіндік қорытындылары, оның қаншалықты ғылыми, шындыққа жақын екенін саралайды;

3. Білімді өз бетімен алуға деген ынтасын, шығармашылық жұмыстарға қабілетін, танымпаздық белсенділіктерін арттырамыз;

4. Білім дәрежесі деңгейін саралау /өзіндік анализ, синтез, бағалауының деңгейі қалыптасады;

5. Бір-бірімен ынтымақтастығы, пікірлерін айта білуі, қорғай білуі, айтыса білуге дағдыланады;

6. Оқушыларда ғажайып ойлар пайда болады, онымен қатар өзінің және өзгелердің пікірі мен тәжірибесіне құрметпен қарауға үйренеді;

7. Оқушы әрекеті адамның ойлау қабілетін дамытады және ол кітап оқыған кезде өз ойын тұжырымдайды;

8. Оқушылар өз ойымен, іс-тәжірибесімен, пікірлермен бөлісуге үйренеді, бұл бағыт топпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

9. Жұмыс барыстарын алмасу арқылы оқушының өз ойын ашық, жасқанбай айтуға, басқа адамның ойын дұрыс қабылдауға үйренеді [6, 28 б.].

«Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасын қолдана отырып өткен сабақтарда оқушы сыни тұрғысынан ойлап, дәлелдеуге тырысады, ой-өрісін кеңейтеді, еркін ойлай отырып, келе-келе мұғалімнің түсіндіргеніне қарағанда өз ізденісімен қызығу танытып, шығармашылық қабілеттері ұшталады. Сонымен қатар, жекелей жұмыстар, жұптық және топтық жұмыстар жүргізу арқылы өз ойларын ашық айта білу, пікір айтуға үйрену, пікір таластыру, ойланып жауап беру, жолдастарының ойын тыңдау, жауаптарын бағалай білу, сыйластыққа, ұйымшылдыққа, білім деңгейлерінің жоғары болуына көп әсерлерін тигізеді. Оның ішінде ерекше бір жағдай: сынып бойынша көп сөйлемейтін, ойлау дәрежесі төмен оқушылардың да қызығушылығы туып, олардың өз мүмкіндіктеріне қарай топтар бойынша сабаққа қатысуға тырысуы байқалады.

Қорыта айтқанда, әр сабақта оқушының жан-дүниесіне еніп, бар білімді сан түрлі тәсілдер арқылы оқушы бойына дарытқан жөн. Өйткені, бала – өміріміздің болашағы. Оларды біліммен сусындатып, өмірге деген көзқарасын қалыптастырып, саналы азамат етіп тәрбиелеу – барша ұстаздың қасиетті міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кульбаева З.Қ. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын қолданудың тиімділігі // Бастауыш сынып. – №7. – 2013. – Б. 2.

2. Шурегеева Д.Е. Бастауыш сынып оқушыларын оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер // Бастауыш сынып. – №8. – 2014. – Б. 7.

3. Тағаева Т.Д. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы әдістерін сабақтарда қолданудың тиімділігі // Бастауыш сынып. – №10. – 2014. – Б. 7.

4. Мирсеитова С. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. – Қарағанды: Жолдал Е.В, 2011. – 120 б.

5. Талдыбаева К. Білім беру үрдісінде жаңа технологияны пайдалану жолдары // Бастауыш сыныпта оқыту. – №5, 2005. – Б. 3.

6. Баратова Б. Оқытудағы тиімді тәсілдер // Бастауыш мектеп. – №4. – 2004. – Б. 28-29.

References:

1. Kulbaeva ZK Effectiveness of using the technology "Development of critical thinking" // Primary school. - №7. - 2013. - Б. 2.

2. Shuregeeva DE New methods of teaching primary school students // Primary school. - №8. - 2014. - Б. 7.

3. Tagaeva TD The effectiveness of the use of critical thinking techniques in the classroom // Primary school. - №10. - 2014. - Б. 7.

4. Мирсеитова С. Teaching as search and search as teaching. - Karaganda: Zholdal EV, 2011. - 120 p.

5. Talдыbaeva K. Ways to use new technologies in the educational process // Teaching in primary school. - №5, 2005. - Б. 3.

6. Баратова Б. Effective approaches to teaching // Primary school. - №4. - 2004. - Б. 28-29.

УДК: 372.8.1

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДІ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Игэлэг Қарақат

«7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті»

білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты

Абай атындағы Қазақ ұлттық

педагогикалық университеті, Алматы қ.

Ғылыми жетекші: п.ғ.к. **Нурғали С.**

***Аннотация.** Мақалада, оқушыларға қазақ тілінен сабақтас құрмалас сөйлем түрлерін меңгерту жолдарына назар аудару, оқушылардың тілдік материалдарға деген қызығушылығын арттыра отырып, елжанды азамат тәрбиелеу мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, ғылыми зерттеу көздеріне сүйене отырып, тақырыптың теориялық сипатын ашу, оқушыларға сабақтас құрмалас сөйлем тақырыбы бойынша берілетін білім көлемін анықтау және құрмалас сөйлем түрлерін оқытуда қамтылатын инновациялық технология түрлері сараланады.*

***Түйін сөздер:** құрмалас сөйлем, қазақ тілі, оқыту, әдістеме, теория, сөйлем, тілдік дағды.*

ОБУЧЕНИЕ СЛОЖНЫМ ПРЕДЛОЖЕНИЯМ С ПОМОЩЬЮ НОВЫХ МЕТОДОВ

Игелег Қарақат,

Магистрант 1 курса образовательной программы

«7M01701-Казахский язык и литература»

КазНПУ имени Абая, г. Алматы

Научный руководитель: к.т.н. **Нурғали С.**

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы воспитания гражданственности, повышая интерес учащихся к языковому материалу, акцентируя внимание на способах овладения учащимися видами связанных предложений по казахскому языку. Кроме того, исходя из источников научного исследования, дифференцируются виды инновационных технологий, включаемые в изучение типов составных предложений и определение объема знаний, предоставляемых учащимся по теме смежных составных предложений, раскрытие теоретического характера темы.

Ключевые слова: составное предложение, казахский язык, обучение, методика, теория, предложение, языковые навыки.

TEACHING COMPLEX SENTENCES WITH NEW METHODS

Igeleg Karakat,

Master student of the 1st year of the educational program

"7M01701-Kazakh language and literature"

KazNPU named after Abay, Almaty

Scientific adviser: Ph.D. **Nurgali S.**

Annotation. The article deals with the issues of educating a country citizen by paying attention to the ways in which students learn the forms of related compound sentences from the Kazakh language, increasing students' interest in language materials. In addition, based on the sources of scientific research, it is planned to reveal the theoretical nature of the topic, determine the amount of knowledge provided to students on the topic of a compound sentence, and analyze the types of innovative technologies that are included in the teaching of compound sentences.

Keywords: complex sentence, Kazakh language, teaching, methodology, theory, sentence, language skills.

Сабақтас құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлері жағынан теориялық білім бергенде, мұғалім түсіндіру әдісінің мына түрлерін – толық, жартылай бағыт беруді; оқушыларды өздігінен іздендіруді, зерттей оқытуды орнымен пайдалануы қажет. Құрмаластың әрбір мағыналық түрлерін, өзіндік белгілерін оған дейін өтілген материалдардан ажырата, саралай түсіндіруде байқау әдісін, ойлаудың анализ, синтез, салыстыру, жинақтау тәсілдерін тиімді пайдалану керек. Әр сабақта көрнекі құралды кеңінен пайдаланудың, әсіресе, оқулықта берілген сызба, кестемен жұмыс істеуді үйретудің үлкен мәні бар. Құрмалас сөйлемдерді меңгертуге арналған жұмыстар оқушылардың ойлау қабілеттерін арттыруға, тілінің дамуына, стилінің жетілуіне көмектесулері керек [1, 48 б.].

Оқушыларға құрмалас сөйлемнен дағды жаттығу, кітапты пайдалану, грамматикалық талдау, түсіндірмелі жазу әдістерін қолдана отырып, ауызша, жазбаша жаттығулар орындату арқылы беріледі. Ол туралы ғалым Х.Арғынов оқушылардың ойлау қабілеттерін жетілдіру үшін құрмалас сөйлем жаттығулары мынандай дағдыларды қалыптастырудың шарт екендігін айтады: 1. Тілдік құбылыстарды байқату. 2. Оқытылып отырған материалды бұрынғы біліммен салыстырып, оның өзіндік белгілерін таныту. 3. Өз қорытындысын, тұжырымын, құрмаластан алған білімін тәжірибеде қолдана білуге үйрету.

Сабақтас құрмалас сөйлем туралы түсінік әңгіме, байқау әдістері арқылы меңгертіледі. Салыстыру әдісі – сабақтас құрмалас сөйлемді оқытудағы белсенді әдістердің бірі. Бұл әдісті сабақтас сөйлемдердің мағыналық ерекшеліктерін игертуде қолдануға болады. 1. **Мезгіл бағыныңқы сабақтас сөйлемнің мағыналық ерекшелігін таныту үшін** өзіне ұқсас ыңғайлас салалас сөйлеммен салыстырылады.

Ыңғайлас салалас	Мезгіл бағыныңқылы сабақтас
Жоғары көтерілдім де, үстірт бетін түгел көре қайттым.	Жоғары көтерілген соң, үстірт бетін түгел ре қайттым.

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық ерекшелігі – құрамындағы жай сөйлемдердің бір мезгілде немесе іле-шала болған әрекеттерді, жай-күйді баяндайтындығы. Осы ерекшеліктерді мысалдар арқылы түсіндіріп, олардың құрамындағы жай сөйлемдер салаласа да, сабақтаса да байланыса алатындығын дәлелдеу. Ыңғайлас салаластың жалғаулықты және жалғаулықсыз түрінде мезгіл мәні аңғарылады. Мысалы, *Айғай өте ұзаққа созылды және ешнәрсені түсінеріктей болмады* деген сөйлемге *және* жалғаулық шылауы қатысып тұр, сөйлемде мезгілдік мағына басым: айғайдың белгілі бір уақытқа созылғандығы, сол уақытта еш нәрсені түсініп болмайтындығы айтылады. Олай болса, кез келген ыңғайлас салаласта мезгіл ыңғайы байқалады, сондықтан бұларды мезгіл бағыныңқылы сабақтаспен салыстыруға мүмкіндік бар.

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдерді меңгертуге қажетті жұмыстардың ең бастылары мыналар:

- 1) жаттығудан сабақтаса байланысқан мезгіл ұғымындағы құрмаласты салаласа байланысқан мезгіл ұғымындағы құрмаластан ажырату, жасалу жолдарын түсіндіру;
- 2) мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдерді салаласа байланыстыру;
- 3) мезгіл мәніндегі құрмаластарды қатыстырып мәтін құрау.
- 4) өз басынан кешірген оқиғаны немесе оқыған шығармасындағы оқиғаны мезгіл ұғымындағы салалас және мезгіл бағыныңқылы сабақтаспен жеткізу [2, 42 б.].

Себеп бағыныңқылы сабақтасты түсіну оқушыларға қиынға соқпайды, сондықтан мұғалім себеп-салдар салалас пен себеп бағыныңқылы сабақтасты егжей-тегжейлі түсіндірмей-ақ, оқушыларды іздендіріп, себеп-салдар мәніндегі құрмаластардың өзіндік белгілерін өздеріне тапқызыған әрі қызықты, әрі тиімді.

Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас себеп-салдар салалас құрмаласпен салыстырыла отырып түсіндіріледі, жасалу жолдарын кесте арқылы көрсеткен жөн. Себеп-салдар мәніндегі құрмалас сөйлемдерді меңгерту үшін мынандай тапсырмалары бар жаттығулар орындалады: 1) себеп пысықтаушы бар жай сөйлем себеп-салдар мәніндегі сабақтас құрмаласқа айналдырылады; 2) Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмаластың алғашқы компоненті ұсынылып, екінші сыңарын өздеріне жазғызып, сөйлемді аяқтау тапсырылады; 3) Сабақтаса байланысқан себеп бағыныңқылы сабақтасты салаластыра байланыстырып, керісінше салалас байланысқан себеп-салдар салалас құрмаласты сабақтастыра байланыстырады; 4) Берілген сөздерді баяндауыш етіп, себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас жасатады; 5) Себеп-салдар салалас құрмаластың баяндауышын түрлі формаларға қойып, себеп бағыныңқылы сабақтас құрады.

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем сыңарларының мағыналары көбінесе, антоним сөздерден, болымды-болымсыз формадағы сөздерден жасалған баяндауыштардан көрініп тұратындықтан, қарсылықты сабақтасты оқушылардың өздеріне меңгертуге болады. Оқушылардың өздеріне зерттей оқытуды мақсат еткендіктен, бірден грамматикалық талдаулардан бастауға болады. Тақтаға салаласа және сабақтаса байланысқан мынандай екі сөйлемді: *Сөз бергенге ерме, бөз бергенге ер және Әлдеке қызы болғанмен, Салтанаттың өзіне Абайды кепілге бермейтін болыпты*, - деп жазып, бұлардың құрмалас сөйлем екенін дәлелдеп, олардың тұрлаулы мүшелерінің астын сызғызып, баяндауыштарының тиянақты-тиянақсыз екенін тапқызып, құрамындағы жай сөйлемдердің бір-бірімен қандай жолмен байланысып тұрғандығын айтқызып, сұрақтарын қойғызу керек.

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмаластан берілетін теориялық білімнің оқушылардың есінде берік сақталуы үшін оларға мынандай дағдылар меңгертіледі: қарсылық мәнді құрмаластың сыңарларының қарама-қарсы мағына білдіретінін дәлелдеу,

берілген жай сөйлемдерден қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем жасау; берілген компонентке екінші сыңарын тауып, қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем жасау; тыныс белгілерін дұрыс қоя білуге дағдыландыру [3, 74 б.].

Шартты бағыныңқылы сабақтас көбінесе, шартты райлы етістік арқылы жасалатыны белгілі, бұдан да басқа жолдары мектеп оқулығында көрсетілген. Кестедегі мысалдар аналитикалық әдіспен талқыланады. Бағыныңқының баяндауыштары қандай жолмен жасалса да, шартты мағынаны білдіруі керек. Мысалы, баяндауышы шартты райлы етістіктен болған бағыныңқылар үнемі шартты білідре бермейді, кейде ондай формада баяндауышы бар бағыныңқылар қарсылық, салыстырмалы мағынаны да білдіре береді. Мұндай жағдайда ондай бағыныңқылар қайтсе? деген сұраққа жауап бермейді, шартты білдірмейді. Сабақты әңгіме, байқау әдістерімен өткізген дұрыс болады. Оқулықта шартты мәнді құрмаластан берілетін білімді бекіту үшін, мынандай жаттығулар орындатылады: 1) жаттығудан шартты бағыныңқылы сабақтас құрмаласты табу, баяндауыш формаларын кестеге қарап түсіндіру; 2) шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемге толық грамматикалық талдау жасау; 3) берілген сөйлемдерді баяндауыш формаларын өзгертіп, шартты бағыныңқылы сабақтас етіп құрау; 4) мәтіндегі берілген сөйлемдерді аяқтап, шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем жасау, т.б.

Құрамындағы компоненттері салаласа байланыспайтын, тек сабақтаса байланысатын құрмаластар – **қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас пен мақсат бағыныңқылы сабақтас**. Оқулықта берілген кестелерді аналитикалық әдіспен талқылау арқылы осы құрмаластардың мағыналарын, сұрауларын, жасалу жолдарын, тыныс белгілерін түсіндіреді. Сосын кестеде берілген сөздерді баяндауыш етіп, қимыл-сын бағыныңқы, мақсат бағыныңқы сабақтас құрмаластар жасайды. Құрмалас сөйлемдердің бағыныңқы сыңарының баяндауыш формаларына ұқсас қимыл-сын пысықтауыш пен мақсат пысықтауышты жай сөйлемдерді салыстырып, синтаксистік талдаулар жасау жолымен олардың мағынасы мен қызметіндегі айырмашылықтарды тауып, дәлелдейді. Содан соң қимыл-сын бағыныңқы сабақтас құрмаластың баяндауыштары тұлғалас басқа құрмаластармен салыстырылады, әрқайсысының мағыналық ерекшеліктері мен сұраулары анықталады.

Қимыл-сын бағыныңқы және мақсат бағыныңқы сабақтас құрмаластарға оқушылардың білім-білік дағдыларын қалыптастыру үшін қосымша мынандай жаттығулар орындату керек: 1. Жаттығудан қимыл-сын мәнді, мақсат мәнді құрмаластарды теріп жазу; 2. Осыларды қатыстыра мәтін құрау; 3. Қимыл-сын және мақсат пысықтауышы бар жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемдерге айналдыру. 4. Қимыл-сын бағыныңқы және мақсат бағыныңқы сабақтас құрмаластарды бірыңғай мүшелі жай сөйлемдерге айналдыру; 5. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас құрмаласты жасалу жолдары ұқсас басқа құрмаластардан айыру, өзіндік белгілерін тану; 6. Берілген бастауыштарды құрамына енгізіп, қимыл-сын бағыныңқы, мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдер жасау; 7. Қимыл-сын бағыныңқы, мақсат бағыныңқы сабақтас құрмаластардан тұратын мәтіндерді көркем әдебиеттен табу.

Сонымен, әдістемелік әдебиеттерге шолу жасау барысында оқушылардың сабақтас құрмалас сөйлем туралы білімі мен дағдысын ұйымдастыруда төмендегідей әдіс-тәсілдердің тиімді екені анықталды: мұғалімнің түсіндіруі (толық, жартылай, бағыт беру), әңгіме, байқау әдістері, ойлаудың анализ, синтез салыстыру, жинақтау, қорытынды тәсілдері мен ойша қорытудың индукция, дедукция түрлері [4, 89 б.].

Жоғарыдағы анықтау экспериментінің нәтижесі көрсеткендей, 8 «А» сынып оқушыларының сабаққа қызығушылығы, сыныптың жалпы үлгерімі айтарлықтай төмен. Осыдан келіп аталған білім көрсеткішін біршама көтеріп, оқушылардың білім деңгейін жоғарылатудың, пәнге деген қызығушылығын арттырудың жаңаша әдістері мен тәсілдерін, тиімді жолдарын қарастырудың қажеттілігі туындады. Сондықтан да, қазіргі әдістемелік жүйеде кеңінен қолданылып жүрген жаңа технологиялардың элементтерін түрлендіре отырып, бірнеше сабақтар жүргіздім. Сабақтас құрмалас сөйлем түрлерін

оқыту барысында ақпараттық технологиядан оздыра отырып оқыту, деңгейлік оқыту, дамыта оқыту, модульдік оқыту, сын тұрғысынан ойлау әдістерін пайдаланып, белгілі дәрежеде жетістікке жеттім. Ендігі кезекте «Сабақтас құрмалас сөйлем» тақырыбына өткен сабағыма тоқталайын.

Жаңа сабақта түсіндіру әдісі арқылы сабақтас құрмаластың өзіне тән белгілерінен оқушыларға мәлімет бердім. Баяндауыштарының жасалу жолдарын оқулықта берілген кесте арқылы түсіндірдім. Жаңа сабақты бекіту үшін В.П.Беспальконың деңгейлеп оқыту технологиясын қолдандым. Ол үшін сыныпты 2 топқа бөліп, 1-топқа: «Тұлпар», 2топқа: «Сұңқар» деген атау берілді. Әрі қарай деңгейлік тапсырмаларды орындау жұмыстарына көштік.

I деңгей – оқушылық деңгей.

1. Кітаппен жұмыс. 120-жаттығуы ауызша орындау.

2. «Сен қалай ойлайсың?» (салалас пен сабақтас сөйлемді ажырата білу).

«Тұлпар» тобына: Адам ымырт кезінде ұйықтамайды, себебі сол уақытта өлім мен өмір ауысады. Стадионға бармақ болып, әкемнен сұрандым. Ол кейде Қалекене естіген бір хабарын жеткізу үшін барады, бірде жолшыбай соға кетуге тура келеді. Қатарында көлденең кісілер болғандықтан, Оспан Абайға айтам деген сөзін бастаған жоқ.

«Сұңқар» тобына: Байсал Құнанбаймен араздасып кеткелі, Абай мен Жиреншенің кездескені—осы. Ана мен баланың бақытты сәттеріне бөгет болғысы келмей, бір бұрышта үнсіз отыр. Бұл сөз Кенжетайға ауырлау тиді, ол ауыл жігіті болғанмен қазақша сауатты еді. Жұмыс көп болды, сондықтан демалысқа шықпадым.

«Тапқырлар аялдасасы» (мақал жалғасын тауып, басыңқы және бағыныңқы компоненттерін ажырату).

II деңгей – алгоритмдік деңгей.

«Тұлпар» тобына:

Бұлақты таудан арна ақса, теңіз болар аяғы (қарамен жазылған сөзге фонетикалық талдау жаса).

Жапырағы судырлап, тал сұлуша **таранды** (қарамен жазылған сөзге морфологиялық талдау жаса)

«Сұңқар» тобына:

Үшеуі үйге кірген соң, шам жағылды (қарамен жазылған сөзге фонетикалық талдау).

Құр әдеппен жымиғаны болмаса, Абай оның сөзін **анғарған жоқ** (қарамен жазылған сөзге морфологиялық талдау)

III деңгей – эвристикалық деңгей.

«Тұлпар» тобына: Сабақтас құрмалас сөйлемге тірек сызба дайында.

«Сұңқар» тобына: Салалас құрмалас пен сабақтас құрмаластың өзіндік ерекшеліктері туралы ой қорыту.

IV деңгей – шығармашылық деңгей.

«Тұлпар» тобына: Сабақтас құрмалас тақырыбына ертегі құрастыру.

«Сұңқар» тобына: Хат жазу.

Сабақтың бекіту кезеңінде сабақтас құрмалас пен салалас құрмалас сөйлемді салыстыру үшін Венн диаграммасын, ал қорыту үшін балама тест әдісін қолдандым. **Деңгейлеп оқыту технологиясының тиімділігі:** жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыруға, оқушылардың жаңа қабілеттерін ашуға итермелейді. Әр тұлға өз бетінше жұмыс жүргізуге дағдыланады.

Сондай-ақ, сабақта салыстыру әдісі бойынша инновациялық технологиядан **Венн диаграммасын** пайдалану өте тиімділік көрсетті. «Венн диаграммасы» стратегиясы оқушылардың екі құбылысты немесе ұқсас ақпараттарды салыстыра тану және бірлікте қарастыра отырып, қасиеттерін ашу үстінде жұмыстандырады. Нәтижесін диаграммаға түсіруге үйренеді [5, 95 б.].

Білім беру үрдісінде қолданыс тапқан **М.Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясының** кіріспе бөлімінде визуалдық лекцияда грамматикалық тірек-сызбаларды қолдану тұлғаның танымдық қабілетін арттыратындығы баса көрсетілген. Осы технологияға назар аудара отырып, оқушыларға сабақтас құрмаластан білім беру барысында **тірек сызбаларды** пайдалану арқылы оқушы қабілетін әрі білім деңгейін арттыруға талпындық. Технологияның сөйлесу бөлімінде оқу материалын пысықтап, жұмыс істеу үшін оқушыларға үш деңгейлік тапсырма дайындауда **Б.Блум таксономиясын** назарға ұстадық. Міне, біз жоғарыда қазіргі заманғы жаңашыл педагогтардың озат тәжірибелеріне, ғылыми ізденіс жұмыстары мен оқыту процесіне енгізген жаңалықтарына сүйене отырып, сабақтас құрмалас сөйлемді оқытудың тиімді жолдарын анықтап, инновациялық технологияларды қажетінше саралап көрсетуге тырыстық. Сонымен, сабақтас құрмалас сөйлемді оқытуда инновациялық технологияны пайдаланудың тиімділігі тәжірибе жүзінде нақтыланып, қалыпқа келтіру экспериментінде тиісті нәтижесін көрсетті.

Оқушылардың білім сапасын көтеріп, таным қабілеттерін арттыруда В.П. Беспальконың деңгейлік оқыту технологиясы маңызды орын алады. Осы білім деңгейлік тапсырмаларды басшылыққа ала отырып ұйымдастырылған жұмыстар нәтижесінде оқушының қарапайым білімдерін жетілдіріп, тереңдетеді. Өз ізденісі нәтижесінде оқушының жаңа білімге қол жеткізетін кезеңі ІІІ деңгей екені анықталды. Бұл кезде оқушы оқулық бойынша берілген білім көлемін оқушы өз бетімен толықтырады. Нәтижесінде шығармашылық белсенділігі артады, шыңдалады [6, 5 б.].

Қорытынды. Қазіргі кезеңде білім беру, оқыту, тәрбиелеу саласындағы дәстүрлі әдістермен қатар технологиялық жаңа түсініктер мен танымды жетілдірудің жолдары өрістей түсті. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады» деп, ХХІ ғасыр деңгейінде білім беруге ерекше назар аударып отыр. Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің ұлттық үлгісі қалыптасып, оқыту мазмұны жаңарды. Осыған орай жеке тұлғаның танымдық қабілетін, шығармашылық қажеттілігін дамыту – ұстаздар қауымының басты міндеттерінің біріне айналып отыр.

Біз қарастырып отырған сабақтас құрмалас сөйлемді оқыту әдістемесінде бүгінгі күні біршама жаңалықтар енгізілген. Бұл жаңалық білім беру мекемелерінің оқытушыларына, ұстаздары мен педагогтарына өзіне ыңғайлы нұсқаны оқу үрдісіне енгізуге мүмкіндік береді.

«Сабақтас құрмаластың түрлерін оқыту жолдары» атты бұл курстық жұмыста жан-жақты қарастырылған сабақтас құрмаласты оқытуда қазақстандық жаңашыл педагог-ғалымдар: Жауынбай Амантұрұлы Қараевтың деңгейлеп оқыту технологиясын, Марал Мәденқызы Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясын орта мектептерде қолданудың тиімділігін зерттеу нәтижесі мен тәжірибесі көрсетіп отыр. Демек, білім беру жүйесінде ақпарат легінің артып, шектеусіз өсуіне сай, өзін-өзі көрсете алатын жеке тұлғаны дамытуда оқытудың озық жүйелерін меңгеру және оны тәжірибе жүзінде қолданысқа енгізу – бүгінгі күндегі оқу-тәрбие үрдісінің басты талабы. Мұндай талап қазақ біл білімінен елеуі орын алатын сабақтас құрмалас сөйлемдерді оқыту мен меңгерту жолдарына да қойылатыны заңды. Міне, оқу-тәрбие процесіндегі осындай өзекті мәселелер курстық жұмыстың осы бөлімінің негізгі арқауы болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Арғынов Х.Қ. Құрмалас сөйлем синтаксисінің методикасы. – Алматы: Мектеп, 1994. 319 б.
2. Есенов Қ. Сабақтас құрмалас сөйлемнің құрылысы. – Алматы: Ғылым, 1992. – 141 б.
3. Қордабаев Т. Қазақ тілінің құрмалас сөйлемдер синтаксисі. – Алматы: Санат, 1995 – 176 б.

4. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1998. – 170 б.
5. Кадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Мұрагер, 2005. – 320 б.
6. Салқынбай А.Б., Көккөзова М.Б. Қазақтың тілші-әдіскер тұлғалары. – Алматы: Нұр-пресс.2006. – 137 б.

References:

1. Argynov Kh.K. Methods of syntax of compound sentences. - Almaty: School, 1994. 319 p.
2. Esenov K. Structure of related compound sentences. - Almaty: Science, 1992. - 141 p.
3. Kordabaev T. Syntax of compound sentences of the Kazakh language. - Almaty: Sanat, 1995 - 176 p.
4. Balakaev M., Kordabaev T. Kazakh language. - Almaty: School, 1998. - 170 p.
5. Kadasheva K. Methods of teaching the Kazakh language. - Almaty: Murager, 2005. - 320 p.
6. Salkynbay AB, Kokkozova MB Kazakh journalists and methodologists. - Almaty: Nur-Press.2006. - 137 p.

УДК: 37.026

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ АРТТЫРУ

Шынберген.Н.М.,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,
ПМНО-21-1 м (б) магистранты

***Аннотация.** Ұсынылған мақалада бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттырудағы дидактикалық ойындардың маңыздылығы сарапталады. Оқушының танымдық белсенділігінің артуының оқу процесіне әсері зерттелді. Ойын техникасының бастауыш сынып оқушылары үшін, оның ішінде дидактикалық ойындардың мәні қарастырылды. Сонымен қатар дидактикалық ойындарды жүргізу барысында мұғалімнің ұстануы тиіс ережелер ұсынылды.*

***Түйін сөздер:** дидактикалық ойындар, мұғалім, бастауыш сынып, оқушы, танымдық белсенділік, оқу процесі, сабақ.*

ПОВЫШЕНИЕ АКТИВНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ ДИДАКТИЧЕСКИЕ ИГРЫ

Шынберген.Н.М.,

Коркыт Ата Кызылординский университет,
ПМНО-21-1 м (б) магистранты

***Аннотация.** В предлагаемой статье анализируется значимость дидактических игр в активизации познавательной деятельности младших школьников. Изучено влияние повышения познавательной активности школьника на учебный процесс. Рассмотрена сущность игровой техники для младших школьников, в том числе дидактических игр. Также были предложены принципы, которым должен следовать учитель при проведении дидактических игр.*

***Ключевые слова:** дидактические игры, учитель, начальная школа, ученик, познавательная деятельность, учебный процесс, урок.*

INCREASING THE ACTIVITY OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS THROUGH DIDACTIC GAMES

Shynbergen.N.M.,

Korkyt Ata Kyzylorda University,
PMNO-21-1 m (b) undergraduates

***Annotation.** The proposed article analyzes the importance of didactic games in the activation of cognitive activity of younger schoolchildren. The influence of increasing the cognitive activity of a student on the educational process has been studied. The essence of game technology for younger schoolchildren, including didactic games, is considered. The principles that a teacher should follow when conducting didactic games were also proposed.*

***Keywords:** didactic games, teacher, elementary school, student, cognitive activity, educational process, lesson.*

Бүгінгі қоғамға кәсіби дайындық деңгейі бар, күрделі әлеуметтік, экономикалық, саяси, ғылыми-техникалық мәселелерді шешуге қабілетті тұлғалар қажет екені белгілі. Демек бұл қажеттілік бала кезден қаланатын берік білім мен таным іргетасының қалануына тікелей байланысты.


Танымдық белсенділік - бұл жеке тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеті және оқу іс-әрекетінде қалыптасады. Егер оқушы танымдық белсенділік танытса, оқу процесі тиімдірек болатынына күмән жоқ. Дегенмен педагогикалық тәжірибе көрсетіп отырғанындай, балалар көбінесе мектепке барғысы келмейді.

Айтылған мәселенің пайда болуы оқу мотивациясы мен танымдық белсенділіктің әлсіреуімен байқалады. Бұл жағдай біздің қоғамымыздың айтарлықтай маңызды әлеуметтік-педагогикалық проблемасын туғызады, тиісінше қажетті әрекеттерді жасауға итермелейді. Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде «жас бала жас күнінде жас шыбық секілді, қалай исең солай қарай өседі» [1] дейді. Расында кез-келген дағдыны жас күнінен меңгертер болса, бала бойына тез сіңіреді. Мектеп қабырғасында бастауыш сынып оқушыларының белсенділігін арттырудың бірден-бір тиімді тәсілі дидактикалық ойындар болып отыр. Себебі бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдысы енді қалыптасып, ойын белсенділігі әлі де қала береді.

Танымдық белсенділік феномені оқытудың маңызды факторларының бірі ретінде үнемі зерттеушілердің назарын аударады. Танымдық белсенділік дегеніміз не? Бұл тұжырымдаманың мәнін ашу үшін белсенділік деген ұғымның анықтамасынан бастауға болады. Белсенділікті қызығушылықпен де байланыстыруға болатын сияқты. Себебі оқушының оқуға деген қызығушылығы мен мотивациясының сақталуы, ары қарай білімді, қоршаған ортаны тануға деген ұмтылысы танымдық белсенділікпен айқындалады. Ушинский өз еңбектерінде «баланың мектептегі қызығушылығын ғылымға емес, керісінше, оны үнемі және барлық жерде қоршап тұрған нәрселерден қызықты дүниені табуға үйрету керек» [2] деп атап өтті. Бұл мәселе бүгінгі білім беруде де өзекті болып қала береді.

Дидактикалық ойындар - танымдық белсенділік деңгейін қалыптастыруға және арттыруға ықпал ететін оқытудың ең тиімді әдісі. [3, 27] Дидактикалық ойынның оқыту құралы ретіндегі ерекшелігі - оның бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетін жандандыруға үлкен әсерімен өлшенеді. Егер оқушы танымдық белсенділік танытса, оқу процесі тиімдірек болатындығын бүгінгі күн дәлелдейді. Дидактикалық ойындар несімен тиімді, қандай функцияларды орындайды?

После внедрения пилотного, а также с учетом его ошибок и недоработок – основного проекта может быть создана единая система получения, хранения и обработки первичной информации, полученной от подразделений-участников мониторинга, включая департаменты, цеха и центральный аппарат промышленного предприятия [10].

Одновременно совершенствуется структура первичной и аналитической информации в рамках системы мониторинга предприятия. Могут быть внесены изменения также в формы и состав показателей конъюнктурной, инвестиционной и финансовой анкет с целью более точного выявления существенных и взаимодополняющих факторов, определяющих динамику экономического состояния предприятия, приведения количественных показателей анкет в соответствие с изменениями бухгалтерской и статистической отчетности. Отрабатываются макеты выходной аналитической информации, совершенствуются методология тематического и агрегированного анализа на основе информационной базы системы с учетом нормативной, законодательной и внешней экономической информации.

В результате совершенствования и дополнительной структуризации система мониторинга расширяется и углубляется в нее входят показатели, охватывающие более широкий спектр данных. В итоге система мониторинга учитывает не только данные самого предприятия, но и основные макроэкономические показатели (рисунок 2).

В целях совершенствования экономического анализа в рамках мониторинга предприятия в дополнение к основным техническим и финансовым показателям, получаемым в режиме реального времени на предприятии может заполняться бланк отраслевого сопоставления показателей финансово-хозяйственной деятельности, содержащий как данные по конкретному предприятию – участнику мониторинга, так и по предприятиям такой же отраслевой принадлежности по региону и стране.

Этот бланк заполняется на основании статистических данных, получаемых из государственных источников: государственного комитета по статистике, налоговой службы и др. На основании разработанной сотрудниками отдела мониторинга методологии осуществляется рейтинговая оценка устойчивости финансового состояния предприятия. Может быть разработана методика диагностики финансового состояния отдельного предприятия. В настоящее время такие методики, как правило, основываются только на данных стандартных форм финансовой отчетности предприятий и не учитывают дополнительных показателей, что делает ее практически не применимой из-за низкой достоверности данных [11].

В блоке вывода информации может широко применяться графическое представление данных мониторинга в различных разрезах: по отрасли, подразделениям, предприятиям, отдельным вопросам, отдельным показателям и т. п. Для определения степени взаимосвязей показателей производственно-финансовой деятельности предприятия поданным конъюнктурной анкеты применяются методы корреляционного

анализа.




Рисунок 2. Углубленная развернутая схема системы мониторинга промышленного предприятия

При использовании системы мониторинга в течение определенного периода у предприятия появляется возможность более взвешенно позиционировать себя среди предприятий конкурентов, а также осуществлять наблюдение и анализ изменения не только своего экономического состояния, но и отслеживать отраслевые тенденции. Это дает возможность разрабатывать стратегию диверсификации, корректировать инвестиционные планы, а также более четко формулировать маркетинговые стратегии предприятия.

Мониторинг предприятия, а также его возможная интеграция в единую информационную систему позволяет решить ряд макроэкономических проблем:

- ⊗ повысить качество анализа и прогноза общеэкономических процессов на отраслевом и региональном уровнях, углубить этот анализ за счет определения фактического и ожидаемого индекса бизнес-климата в стране, по отраслям и регионам;
- ⊗ своевременно выявлять диспропорции в экономике, причины их появления и принимать меры по их устранению и предотвращению;
- ⊗ органам государственного управления вносить более аргументированные предложения по решению острых социально-экономических проблем.

Кроме того, благодаря созданию системы мониторинга у предприятия появляется возможность точнее оценивать экономическую конъюнктуру в отрасли, отслеживать и прогнозировать динамику и тенденции финансово-хозяйственной деятельности

предприятия, сопоставлять их с макроэкономическими показателями по отрасли и национальной экономике. Также выявлять и устранять отрицательно влияющие факторы, обеспечивать выработку и принятие оптимальных управленческих решений по проблемам социально-экономического развития предприятия. Позитивными результатами использования данных мониторинга предприятия являются:

- ⊗ принципиальное повышение степени независимости, объективности и оперативности в оценке экономических процессов;

- ⊗ создание необходимой основы для дальнейшего совершенствования инструментов стратегического управления предприятием, в частности, при проведении инвестиционных операций;

- ⊗ формирование необходимой информационно-аналитической базы для решения практических вопросов по реструктуризации и диверсификации деятельности, в первую очередь на уровне отдельных производств, с позиции улучшения экономического состояния предприятия.

Система мониторинга является основой комплексной реструктуризации и диверсификации деятельности предприятия, осуществляемой через реинжиниринг бизнес-процессов. Основная идея реинжиниринга заключается в фундаментальном переосмыслении и радикальном перепроектировании бизнес-процессов предприятия для достижения коренных улучшений в основных показателях его деятельности.

Необходимость реинжиниринга обосновывается высокой динамичностью современного делового мира. Непрерывные и довольно существенные изменения в технологиях, рынках сбыта и потребностях клиентов стали обычными явлениями, и предприятия, стремясь выжить и сохранить конкурентоспособность, вынуждены непрерывно перестраивать свою стратегию и тактику. Отличие подхода реинжиниринга от других методик заключается в предоставлении возможности самим сотрудникам увеличивать эффективность функционирования предприятия.

Информационные технологии являются основой реинжиниринга бизнес-процессов промышленного предприятия. Информационная поддержка решающим образом влияет на функционирование процессов и при правильном использовании приводит к многократному повышению их результативности. С учетом современного подхода к проведению подобных изменений информационная система поддержки реинжиниринга промышленного предприятия должна предоставлять следующие возможности:

- ⊗ разработка бизнес-модели предприятия непосредственно менеджерами;

- ⊗ создание динамических моделей, адекватно описывающих деятельность промышленного предприятия;

- ⊗ автоматизация основных этапов реинжиниринга – разработка образа будущего предприятия и спецификация задач и целей, разработка модели существующего бизнеса, разработка модели нового бизнеса, создание информационной системы поддержки;

- ⊗ внедрение нового проекта или целого бизнеса.

Для этого предлагается создание информационной системы, включающей систему мониторинга, состоящей из:

- ⊗ инструментального комплекса для создания динамических интеллектуальных систем в управлении и моделировании деятельности предприятия;

- ⊗ создание на базе интеллектуальной системы инструментального многофункционального комплекса для проведения реинжиниринга.

Таким образом, предлагаемая система сможет позволить ускорить процесс принятия управленческого решения и сделать его максимально эффективным.

Мы считаем целесообразным развивать и расширять возможности системы мониторинга в следующих направлениях:

1. Сценарии и прогнозы безопасного развития предприятия в рамках межгосударственных, региональных, национальных и отраслевых товарных рынков.

2. Анализ и моделирование бизнес-процессов в условиях реструктуризации и

диверсификации предприятия.

3. Экономические и математические модели конкурентоспособного развития промышленных технологий и инвестиционных проектов с учетом коммерческих рисков, экономических, экологических и социальных аспектов развития предприятия.

4. Интегрированные информационные системы поддержки управления инвестиционными проектами на всем жизненном цикле производственных технологий и управления экономикой предприятия.

5. Совместимость баз данных технико-экономических показателей и параметров эффективности производственных технологий, переход на использование рекомендованных, стандартных и аттестованных технологических данных [12].

6. Способы реализации энергосберегающих технологий в условиях реального состава оборудования и устаревающих основных средств.

7. Информационная безопасность, интернет-технологии.

8. Использование результатов моделирования основных характеристик цикла производства и прогнозных результатов возможностей предприятия для формирования положительного общественного мнения в отношении развития отрасли.

Список использованной литературы:

1. Рудык Н. Б., Семенкова Е. В. Рынок корпоративного контроля: слияния, жесткие поглощения и выкупы долговым финансированием. – М.: Финансы и статистика, 2000. 456 с.

2. Савицкая Г. В. Анализ хозяйственной деятельности предприятий. – Минск, Экоперспектива, 1998.

3. Сафронов Н. А. Экономика организации (предприятия). – М.: Экономист; Серия: Scholae, 2003.

4. Халкечев К. В., Касаева Л. Д. Основы мониторинга экономического состояния банка. – М.: ВИНТИ №744-В98, 1998.

5. Холт Р. Н. Основы финансового менеджмента. – М.: Дело, 2020.

6. Храброва И. А. Корпоративное управление: вопросы интеграции. Аффилированные лица, организационное проектирование, интеграционная динамика. – М., 2000, 198 с.

7. Четыркин Е. М. Методы финансовых и коммерческих расчетов. – М.: Дело, 2008.

8. Чиркова Е. В. Действуют ли менеджеры в интересах акционеров. – М.: ЗАО Олимп-Бизнес" 2009 г., 288 с.

9. Шарп У., Александер Г., Бэйли Дж. Инвестиции. – М.: ИНФРА-М, 2018.

10. Шеремет А. Д., Сайфулин Р. С. Финансы предприятия. – М.: ИНФРА-М, 1997.

11. Шим Д. К., Сигел Д. Г. Финансовый менеджмент. – М.: ЮНИТИ, 1995.

12. Сергеев И. В. Экономика предприятия – М: Финансы и статистика, 2019 г. – 304 с.

References:

1. Rudyk N. B., Semenкова E. V. Corporate control market: mergers, hard acquisitions and debt financing buyouts. - M.: Finance and statistics, 2000. 456 p.

2. Savitskaya GV Analysis of economic activity of enterprises. – Minsk, Ecoperspective, 1998.

3. Safronov N. A. Economics of an organization (enterprise). - M.: The Economist; Series: Scholae, 2003.

4. Khalkechev K. V., Kasaeva L. D. Fundamentals of monitoring the economic condition of the bank. - M. : VINITI No. 744-B98, 1998.

5. Holt R. N. Fundamentals of financial management. – M.: Delo, 2020.

6. Khrabrova I. A. Corporate management: issues of integration. Affiliates, organizational design, integration dynamics. - М., 2000, 198 p.
7. Chetyrkin E. M. Methods of financial and commercial calculations. – М.: Delo, 2008.
8. Chirkova EV Do managers act in the interests of shareholders. - М.: CJSC Olymp-Business "2009, 288 p.
9. Sharp W., Alexander G., Bailey J. Investments. – М.: INFRA-M, 2018.
10. Sheremet A. D., Saifulin R. S. Finance of the enterprise. – М.: INFRA-M, 1997.
11. Shim D. K., Siegel D. G. Financial management. – М.: UNITI, 1995.
12. Sergeev I. V. Enterprise Economics - M: Finance and Statistics, 2019. - 304 p.

МРНТИ: 336.64

ЭКОНОМИКАНЫҢ БӘСЕКЕЛІК ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ТЕТІКТЕРДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Сапарбаев Ә.Ж.,
э.ғ.д., профессор,
Қайнар Академиясы
Мнажова І.А.,
1 курс магистранты
Қайнар академиясы

***Аннотация.** Мақалада экономиканың бәсекелік қабілеттілігін арттырудағы қаржылық тетіктердің өзекті мәселесін жетілдіру қарастырылады. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін нақты арттыру үшін қандайда бір шетелдік рейтингтің формалды өлшемдеріне сәйкес келумен шектеліп қалмай, барлық экономикалық үдерістерді, экономикаға мемлекеттің қатысуы жүйесін қоса алғанда, жаңғыртуды көздейтін бәсекеге қабілеттілікті жаңа сапалық деңгейде арттырудың кешенді ұлттық моделін талдап жасау мен жүзеге асыру және де ең бастысы – өмір сүру сапасы мен елдің адами әулетін арттыруға бағытталған дамудың ғылыми негізделген басымдықтарын анықтау қажет.*

***Түйін сөздер:** экономика, бәсеке, қабілеттілік, жетілдіру, бюджет, қаржы, ақша-кредит, индустрия.*

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ АКТУАЛЬНОЙ ПРОБЛЕМЫ ФИНАНСОВЫХ МЕХАНИЗМОВ ПОВЫШЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ЭКОНОМИКИ

Сапарбаев А.Д.,
д.э.н., профессор,
Академия Кайнар
Мнажова І.А.,
магистрантка 1- курса
Академия Кайнар

***Аннотация.** В статье рассматривается актуальный вопрос совершенствования финансовых механизмов повышения конкурентоспособности экономики. Анализ и реализация на новом качественном уровне комплексной национальной модели конкурентоспособности, предусматривающей модернизацию всех экономических процессов, в том числе системы государственного участия в экономике, не только для соответствия формальным критериям любого зарубежного рейтинга, но и для реального*

повышения конкурентоспособность Казахстана, а главное – жизни Необходимо определить научно обоснованные приоритеты развития, направленные на повышение качества жизни и человеческого потенциала страны.

Ключевые слова: экономика, конкуренция, мощьность, совершенствование, бюджет, финансы, деньги-кредит промышленность.

IMPROVEMENT OF THE CURRENT PROBLEM OF FINANCIAL MECHANISMS TO INCREASE THE COMPETITIVENESS OF THE ECONOMY

Saparbaev A.D.,

Doctor of Economics, Professor,

Kainar Academy

Mnazhova I.A.,

Master of the 1st year of the Kainar Academy

Abstract. *The article deals with the topical issue of improving the financial mechanisms for increasing the competitiveness of the economy. Analysis and implementation at a new qualitative level of a comprehensive national model of competitiveness, which provides for the modernization of all economic processes, including the system of state participation in the economy, not only to meet the formal criteria of any foreign rating, but also to really increase the competitiveness of Kazakhstan, and most importantly, life identify scientifically based development priorities aimed at improving the quality of life and human potential of the country.*

Keywords: *conomy, competition, power, improvement, budget, finance, money-credit industry.*

Экономиканы нарық жағдайында дамыту елдің жекелеген аумақтық-шаруашылық жүйелерінің бәсекелік артықшылықтарын да, сол сияқты нарыққа бейімделудің әрқилы мүмкіндіктеріне байланысты олардың кемшіліктерін де анықтап берді. Бұл жекелеген өңірлерде өндірістің біршама құлдырауына және тоқтап қалуына, күйзеліске ұшыраған аудандар мен елді мекендердің пайда болуына алып келді. Нәтижесінде өңірлік теңсіздіктер тереңдеді және табиғи көші-қон ағымына қарамастан, ел халқының бір бөлігі қазіргі уақытта экономикалық перспективалы емес аумақтарда тұрады [1-2].

Қазақстан табыстарының өлшемі деп санауға дағдыланған экономикалық өсу, қалай десек те, макроэкономикалық есептеулерге жақсы болғанымен, нақты өмірді бейнелеуге келгенде біржақтылық танытады. Мәселен, оған қарап кедейлер мен байлардың арасындағы айырмашылық қалай қысқарғанын, тұтыну себеті қаншалықты өскенін тіпті түсінуге болмайды [3-4].

Қазақстан әу бастан-ақ осы заманғы нарық экономикасын құруға күш салғаны белгілі. Мұның өзі халықаралық қоғамдастықтан лайықты бағасын алды. Біздің еліміз ТМД кеңістігінде алғашқылардың бірі болып өзінің сипатына қарай нарықтық мемлекет деп танылды. Сонымен бірге сапалық серпілісті және әлемнің бәсекеге ең қабілетті елдерінің деңгейіне көтерілуді қамтамасыз ету үшін бәсекелі рыноктың базалық жағдайлары – бір медальдің екі жағы секілді бәсекелестік орта мен мөлдірлік әлдеқайда күшейтілуі тиіс.

Макроэкономикалық саясат саласында салық, бюджет және ақша-кредит жүйелерін реформалау жолымен бірқатар міндеттерді шешу алда тұр [5].

Соңғы жылдары Қазақстан экономикасының дамуына әсер ететін сыртқы факторлар едәуір өзгерді. Бұл, бірінші кезекте, мұнай экспортының өсуінің жоғары қарқынына және мұнайға, газ бен металға әлемдік бағаның ұлғаюына, евроға шаққанда доллардың айырбас бағамы қатынасының өзгеруіне, шетелдік капиталдың едәуір ағынына байланысты.

Осы факторлардың барлығы макроэкономикалық теңгерімнің бұзылуына едәуір

қатер төндіреді, өйткені инфляцияның өсу, теңгенің айырбас бағамының шамадан тыс нығаюу, экономиканың шикізат емес секторларының бәсекеге қабілеттілігінің төмендеу және экономиканың "қызып кету" қаупі күшеюде.

Осы жағдайда макроэкономикалық саясат инфляцияның өсу қарқынын төмендетуге, теңгенің айырбас бағамына қатысты икемді саясат жүргізуге, мемлекеттік шығыстар саясатын шектеуге және бюджеттің мұнайдан болмайтын тапшылықты төмендетуге, бизнесті дамытуды салықтық ынталандыруға бағытталуға тиіс.

Үкімет пен Ұлттық Банк фискальдық және ақша-кредит саясатының келісілген түрде жүргізілуіне жұмыс істейтін болады. Үкіметтің экономикалық саясаты елдегі экономикалық өсуді көбінесе еңбек өнімділігін арттыру есебінен ынталандыруға бағытталған.

Макроэкономикалық теңгерімді сақтау мақсатында, сондай-ақ мұнай байлықтарын неғұрлым тиімді пайдалану үшін мұнай мен газ өндіруді өсіру қарқынына қатысты ұзақ мерзімді перспективаға арналған оңтайлы саясат әзірленетін болады.

Салық саясаты тұтастай алғанда, салықтық әкімшілендіруді оңайлату, салық санын оңтайландыру және салықтың жинақталуын арттыру жолымен бизнес пен халықаралық сауданы дамытуды ынталандыруға бағытталған.

Салық салу мен салықтық әкімшілендіруді оңайлату мақсатында салық заңнамасына салық есептілігін, салықтық тексеру нәтижелеріне шағым жасауға өтініштер беру мерзімін ұзарту, сондай-ақ есепті салық кезеңі үшін акциздер бойынша ақы төлеу мерзімін белгілеу бөлігінде өзгерістер енгізілетін болады. Салықты және төлемдерді банкоматтар мен Web-дүңгіршектер арқылы төлеу тетігін енгізу жоспарланып отыр.

Кеден ісі бөлігінде кедендік рәсімдеу рәсімдерін оңайлату жүргізіледі және кедендік әкімшілендіру жақсартылатын болады.

Бұдан басқа, салық және кеден органдары қызметінің сапасын бағалау өлшемі өзгертілетін болады. Бағалау өлшемінің кешені бюджет кірістері бойынша жоспарлардың орындалуын бағалауды алмастыратын болады.

Негізгі салықтардың ставкаларын төмендетілді. Атап айтқанда, өндірісті дамыту және кеңейту мақсатында қосылған құн салығына, сондай-ақ корпорациялық табыс салығына ставкалар кезең-кезеңімен төмендетілетін болады. Әлеуметтік салықты төмендету жалақының көлеңкелі төлемдерін одан әрі барынша азайтуға ықпал ететін болады. Бір уақытта ҒЗТКЖ-да инвестицияларды ынталандыратын жеңілдіктер жасалатын болады, бұл экономиканың өңдеуші секторының технологиялық дамуын жеделдетуге мүмкіндік береді [6].

Сондай-ақ салық пен алымдардың кейбіреуін біріктіру жолымен олардың саны қысқартылатын болады, сондай-ақ арнайы салық режимдерін қолдану тетіктерін жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Ішкі отын нарығында айқын салық салуды құру салық ауыртпалығын мұнай өнімдері нарығының субъектілері арасында қайта бөлуді болжайды.

Уәкілетті органдардың өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық технологияларды және салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін электрондық бақылауды кеңінен пайдалану жолымен Салықтың жинақталуын арттыруға қол жеткізілетін болады. Жалпыға бірдей декларациялауға көшу мүмкіндігі де қарастырылатын болады.

Барлық салықтық реформалар бақылаушы органдар сыбайлас жемқорлық деңгейін едәуір төмендеткен жағдайда ғана табысқа жететін болады, бұл басты міндеттердің бірі болып табылады. Осы мақсатта салық органдары салық төлеушілерге ұсынатын электрондық қызметтердің тізбесін кеңейту жолымен кәсіпкерлік субъектілері мен бақылаушы органдардың жеке байланысын барынша азайту ұсынылып отыр.

Бюджет саясаты мұнай кірістерін пайдалану тетіктерін жетілдіруге, бюджеттің әлемдік баға конъюнктурасына тәуелділігін төмендетуге, бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыруға, экономиканың басым секторларын дамытуды

ынталандыруға және халықтың неғұрлым аз қорғалған жіктерін әлеуметтік қолдауды қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

2020 жылғы 1 шілдеден бастап Ұлттық қордың қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасына сәйкес бюджетті теңгерімдеудің жаңа жүйесіне көшуді жүзеге асыру ұйғарылып отыр. Осыған байланысты Бюджет кодексіне және басқа да заңнамалық кесімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді. Өзгерістер ағымдағы бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру мұнай емес сектордан түсетін түсімдердің есебінен, ал даму бюджетін қаржыландыру көбінесе Ұлттық қордың трансферттері есебінен жүзеге асырылатындығында. Осылайша, ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға арналған шығыстарды ұлғайту мұнай емес сектордан кірістерді барабар өсіруге мүмкін емес.

Ұлттық қордың жаңа Тұжырымдамасын енгізу экономикада тұтынушы мен жинақтау арасындағы қажетті пропорцияларды сақтауды, экономиканың шикізат емес секторын дамыту үшін қолайлы макроэкономикалық шарттар құруды, мұнай кірістерінің елеулі бөлігін жинақтауды және Ұлттық қордың әлсіреуіне жол бермеуді ескере отырып, мұнай кірістерін оңтайлы пайдалануға мүмкіндік береді.

Бюджет саясатын жүргізу кезінде Үкімет, сондай-ақ экономиканың өсу қарқынымен сыйымды мемлекеттік бюджет шығыстарының өсу қарқынын қамтамасыз етудің және бюджеттің мұнайдан болмайтын тапшылығын біртіндеп төмендетудің қажеттілігін ескеретін болады.

Бюджеттік жоспарлаудың сапасын және бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін арттыру үшін бағдарламалар әкімшілеріне қойылатын бюджет тәртібін жақсартуға, бәсекеге қабілеттілікті арттыру призмасы арқылы жұмсауда басымдықтарды талдау мен есепке алуды жүргізуге, бюджеттік бағдарламалардың стратегиялық (бағдарламалық) құжаттармен үйлесуіне бағытталған талаптар күшейтілетін болады. Бюджеттің атқарылу процесін бюджеттің кассалық атқарылуына емес, бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың тиімділігі мен нәтижелілігіне бағдарлау қажет.

Үкімет өңірлердің бюджеттік қамтамасыз етілуін теңестіру қағидатын мемлекеттік қаражатты пайдалану тиімділігін ынталандыру қағидатымен оңтайлы үйлестіруге бағытталған бюджетаралық қатынастарды жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады.

Бұл өңірлердің салықтық әлеуетін ұлғайтуда жергілікті атқарушы органдардың қызығушылығын және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру мәселелерінде жергілікті өкілді және атқарушы органдардың дербестігін арттырады. Салық салынатын базаны кеңейтуге олардың қосқан үлесінен алынатын барлық қосымша кірістер жергілікті бюджеттерде қалады және өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында жергілікті атқарушы және өкілді органдардың қалауы бойынша бөлінетін болады.

Өңірлердің бюджеттік қамтамасыз етілуін теңестіруге, Конституция кепілдік берген мемлекеттік қызметтерге халықтың тең қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған бюджеттік алулар мен субвенцияларды есептеудің жаңа әдістемесі әзірленетін болады, яғни өңірлерді төмен бюджеттік қамтамасыз етуден республикалық орташа деңгейге көтеру ұйғарылып отыр.

Мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесін жетілдіру әзірленген Қазақстан Республикасының 2024 жылға дейінгі мемлекеттік қаржылық бақылауды дамыту тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алу жүйесін одан әрі жетілдіру ұйғарылып отыр. Осыған байланысты негізгі міндеті мемлекеттік сатып алуды сапалы, тиімді және уақтылы жүргізу болып табылатын "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заңның жобасы әзірленді.

Атап айтқанда, қоғамдық бірлестіктердің өкілдеріне конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу кезінде конкурстарға бақылаушы ретінде қатысу мүмкіндігі енгізіледі. Бұдан басқа, электронды мемлекеттік сатып алу жүйесін дамытуға ықпал ететін және

мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру барысында сыбайлас жемқорлық іс-қимылдардың деңгейін төмендетуге әсер ететін электронды мемлекеттік сатып алу ақпараттық жүйесінде жұмыс істеу шарттары белгіленеді [7].

Қазақстан Республикасының мемлекеттік борышты басқару жүйесі қайта қаралатын болады. Мониторинг мемлекеттік борыш бойынша ғана емес, өзіне мемлекет қатысатын ұлттық компаниялар мен акционерлік қоғамдардың борыштық міндеттемелерін қамтитын бүкіл мемлекеттік сектор бойынша да жүргізілетін болады.

Мемлекеттік борышты басқару жүйесін жетілдіру жөнінде шаралар кешенін қабылдау үшін мемлекеттік борышты басқару жөніндегі тұжырымдама әзірленетін болады. Тұжырымдамада мемлекеттің басым қатысуымен ұлттық және акционерлік қоғамдардың борыштарын қоса алғанда, бүкіл мемлекеттік сектордың борышын ескере отырып, борышты басқару стратегиясы, мемлекеттік борыш құрылымы мәселелері, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың борыштық міндеттемелерін реттеу мәселелері және мемлекеттік борышты басқарудың ұйымдық негіздері көрініс табады.

Үкімет тарифтік саясат тиімділігін арттыруға зор назар аударатын болады. Бұл үшін тарифтердің айқындылығын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылданатын болады, табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне, экономика секторларына тарифтердің әсер етуін бағалау модельдері әзірленеді, монополия субъектілерінің қызметін бақылау және сараптау тетіктері жетілдіріледі.

Ақша-кредит саясаты және қаржы секторын дамыту саласында инфляция процестерін реттеу тиімділігін арттыру, валюталық реттеуді кезең-кезеңмен ырықтандыру, банктердің сыртқы қарыз алуын жанама реттеу құралдарын жетілдіру, сондай-ақ қаржы жүйесіндегі бәсекелестікті ырықтандыру мен арттыру, оның орнықтылығы мен айқындылығын қамтамасыз ету негізгі міндет болып табылады.

Инфляция процестерін реттеу бөлігінде Үкімет пен Ұлттық Банк инфляцияның монетарлық та, монетарлық емес те жақтарына әсер ету шараларын қабылдайтын болады.

Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар тарапынан әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарының индикаторлары шеңберінде табиғи монополиялардың тауарлары мен қызметтеріне бағаны өсірудің сақталуына қатаң бақылау орнатылатын болады, мұнай өнімдерінің, астықтың, электр энергиясының, көлік және байланыс қызметтерінің бәсекелес ішкі нарықтарын дамыту үшін жағдай жасалады. Сондай-ақ ішкі нарықты қанықтыру үшін тауарлар мен қызметтер өндірісін ұлғайту ынталандырылатын болады.

Ұлттық Банк негізгі бағдары инфляция деңгейі болып табылатын ақша-кредит саясаты шеңберінде банк жүйесінің өтімділігін реттеу арқылы ақша ұсынысының шамадан тыс кеңеюін тоқтату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын болады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қайта қаржыландыру ресми ставкасын қоса алғанда, ақша нарығындағы ахуалға және инфляция деңгейіне қарай өз операциялары бойынша ставкаларды реттейтін болады. Ставкалар дәлізін белгілеу жолымен сыйақының нарықтық ставкаларына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің әсер етуін арттыру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Банктердің сыртқы қарыз алуын шектеу жөніндегі жұмыс жалғасады. Валюталық тәуекелді бақылау мақсатында болашақта әрбір шетелдік валюта бойынша банктердің ашық валюталық ұстанымының лимиттері төмендетілетін болады. Бұл шара банктердің валюталық тәуекелін төмендетуге және сыртқы қаржы рыноктарында банктердің валюталық қарыз алуының өсуін бәсеңдетуге мүмкіндік береді.

Шығынды өтімділік проблемасының өзектілігін төмендету үшін ең аз резервтік талаптарды есептеу тетігін одан әрі жетілдіру ұйғарылып отыр. Сондай-ақ валюталық өтімділік нормативтерін және сыртқы қарыз алудың ең жоғары лимитін белгілеу мәселелерін қайта қарау ұйғарылып отыр.

Бұдан басқа, банк секторындағы жүйелік тәуекелдерді барынша азайту жолдары қарастырылатын болады.

Банктік бизнес айқын, жоғары сараланған болуы, жаңа технологияларды және клиенттерге қызмет көрсету әдістерін белсенді енгізуі үшін қаржы секторында бәсекелестікті одан әрі ырықтандыру және арттыру үшін шаралар қабылданатын болады.

Шетелдік банктердің қызметі үшін алынып тасталған шектеулерден басқа олардың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етуге арналған шарттар сақталған кезде Қазақстанның аумағында олардың филиалдарының қызметін шешу ұйғарылып отыр.

ЕҚ талаптарына сәйкес шетелдік банктердің тарапынан бәсекелестікті дамыту үшін отандық нарыққа олардың кіруі туралы шешім қабылдау кезінде бағалауы ескерілетін рейтингтік агенттіктердің тізбесі кеңейтілетін болады.

Банк секторында айқындылықты қамтамасыз ету мақсатында шоғырландырылған қадағалау, меншік иелерінің құрылымы, қосылма тұлғалармен қарым-қатынастар бөлігінде банктердің заңнама талаптарын орындауын қамтамасыз етуге бағытталған банктік қадағалау рәсімдері жетілдірілетін болады.

Бұдан басқа, жүзеге асырылып қойған іс-шаралардан басқа банктік емес ұйымдарды дамыту үшін [8]:

шағын кредит беру ұйымдары үшін кредит берудің ең жоғары мөлшерін ұлғайту;
кредиттік серіктестіктерге жаңа қатысушыларды тарту тетігін оңайлату;

Инвестициялық банкинг саласында бәсекелестікті қамтамасыз ету үшін бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар - инвестициялық портфельді басқарушылар, атап айтқанда, оларға банктік қарыз операцияларын жүзеге асыру құқықтарын беру есебінен жүзеге асыратын операциялар кеңейтілетін болады.

Сондай-ақ коммерциялық ұйымдармен қатар мемлекет қатысатын қаржы ұйымдарының қызметін реттеуді бір уақытта қамтамасыз ету кезінде олардың санын қысқарту мүмкіндігін қарастыру қажет.

Банк секторын ырықтандыру жөніндегі шаралар банктердің өңірлік қана емес, халықаралық бәсекеге қабілеттілігін де арттыруға әкелуге тиіс, бұл Қазақстанның ДСҰ-ға алдағы кіруіне және оның сауда-экономикалық байланыстарын кеңейтуге байланысты аса өзекті.

Әрбір экономиканың белгілі бір тарихи кезеңдерде өндіріске сүйенетіндігі бұрыннан белгілі. Ал, бүгінгі индустриялық жүйе ең алдымен өнеркәсіпке негізделеді.

Осы бағытта жасалған зерттеуден кейін мынандай тұжырымдарды жасауға мүмкіндік берді:

1. Жаһандану жағдайында қаржы институттары мен нарықтары ұлттық экономикалық мүдделерді негізгі алға жетелеуші болып табылады. Күшті қаржы саласы бәсекеге қабілетті және экономикалық жағынан тәуелсіз елдің негізгі белгілерінің бірі саналады, ал осы саланың әлсіздігі, керісінше, қандай да бір елдің жаһанданудың жол жиегінде қалып, жетекші елдердің шылауы ретінде әрекет ететіндігін білдіреді. Сондықтан да отандық қаржы жүйесін, оның барлық компоненттерін – банктерден бастап қор нарығына дейін, дамыту және нығайту бәсекеге қабілетті экономика құрудың негізгі басымдықтарының бірі болуы тиіс.

2. Қазақстанның бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына кіру міндеті жоғары дамыған және тиімді қаржы жүйесін қалыптастыруды, өз трансұлттық корпорацияларымызды (ТҰК) құруды және экономикалық өсудің әлеуметтік бағдарлануының тұрақты өсуі жағдайында жаһандық постиндустриалдық экономика талаптарына барабар жоғары технологиялы өндірістер кластерін қалыптастыруды көздейтін бағыттар бойынша жүзеге асырылуы тиіс. Аталған міндеттерді жүзеге асыру экономикалық саясатты іске асырудың барабар құралдарымен, бәсекеге қабілеттілікті арттырудың ұлттық моделін қалыптастыру үшін неғұрлым қолайлы басқару және реттеу әдістерімен және тетіктерімен қамтамасыз етілуі тиіс. Біздің ойымызша, мұндай экономикалық саясатты жүзеге асырудың бірнеше бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

• Экономикалық саясаттың факторлық – мақсаттық көзқарас негізінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыратын басым салаларды дамытуға неғұрлым

акцент бере бағытталуы.

- Мемлекеттің экономикалық үрдістерге қатысу белсенділігінің артуы, атап айтқанда мемлекеттік кәсіпкерлік институтын реттеу тәжірибесін енгізу.

- Қазақстандық капиталдың әлемдік нарықтарға экспантеграциясын ынталандыру.

Бұл бағыттарды егжей-тегжейлірек қарастыра келіп, олардың бірінішісі ең алдымен барынша перспективалы мәселелерді анықтау және Қазақстанда соған сәйкес өндірістерді дамыту мақсатымен жаһандық экономиканың мониторингі мен талдау жүйесін құруды көздейді. Біздіңше, бәсекеге қабілетті салаларды қалыптастыру үшін факторлық –мақсаттық тәсілдемені пайдаланған дұрыс болады. Ол экономикалық жүйеге ықпал ететін негізгі факторларды ажыратуды және осы факторлармен байланысты экономикалық жүйенің дамуының басым бағыттарын айқындауды, кейін оларға нақты шаралар мен мемлекеттік реттеу тетіктерін әзірлеу мен іске асыру арқылы қол жеткізуді көздейді.

3. Бүгінгі таңда Қазақстан экономикасының дамуы негізінен инвестицияның көп мөлшерде тартылуына тікелей байланысты. Өйткені еліміз өндірісінің жалпы деңгейі мен оның даму болашағының деңгейі қазіргі өндіріс ауқымынан 10 есеге артық болып табылады. Бұл шамаға жету үшін шетелдік инвестицияларды тартумен қатар, отандық инвестицияның да үлесінің артуын басты орынға қойып, ұлттық инвесторлардың инвестициялық саясатын өндірістің өнеркәсіп және өңдеуші саласына тартуына ынталандыруымыз керек. Осы аталған ішкі инвестицияларды дамытудың бірден-бір көзі жағдайы жақсарған отандық корпорациялардың, екінші деңгейдегі коммерциялық банктердің және сақтандыру компанияларының инвестициялық саясатын дамыту және оларды ұлттық экономиканы дамытуға деген ынталарын арттыру болып табылады. Осылардың ішінде әсіресе негізгі капиталды инвестициялауда әр түрлі корпорациялардың алатын орны ерекше, себебі банктер көбінесе ақша-несиелік операциялармен айналысады, ал өндіріс және тағы басқа корпорациялар өндіріске тікелей инвестиция тартуға икемді болып келеді.

4. Бәсекеге қабілеттілікті арттырудың ұлттық моделін жүзеге асырудың соңғы өзгеше бағыты Қазақстандық капиталдың әлемдік нарықтарға экспантеграциясын ынталандыру болып табылады. «Экспантеграция» термині ұлттық капиталдың экспансиясы негізінде жаһандық экономикаға кірігуді білдіреді, демек, отандық бизнестің, сондай-ақ мемлекеттік активтерді сатып алу, ТҰК қалыптастыру, шетелде қазақстандық капиталдың рөлі белсенді болатындай, біріккен кәсіпорындар құру және де нарықтардың барлық түрлері – тауарлық, қаржылық, технологиялық және басқалар бойынша енуі. Экспантеграция – бұл жаһандану жағдайы ыңғайында Қазақстан экономикасының дамуын жеделдетудің «дәстүрлі» әртараптандырудың артықшылықтарын ұштастырған және шикізат бағасының жоғары болуымен беріліп отырған қолайлы мүмкіндіктерге арқа сүйеген неғұрлым тиімді жолы.

Бұл схема қолайлы шикізаттық конъюнктурадан алынған мемлекеттік қаржыны басқару осы заманғы тұрпаттағы корпоративтік институционалдық инвесторлар қолданатын – дүниежүзі бойынша және пайда әкелетін әрі перспективалы болып тапбылатын салаларда деген қағидаттар бойынша жүргізілуін көздейді. Мұндай көзқарас «жаһандану экономикасының» барлық негізгі ерекшеліктері мен артықшылықтарын ескереді – біріншіден, әлемдегі кез келген елде бизнес жүргізу мен инвестиция салуда, жүзеге асыру; екіншіден, бұдан 20-30 жыл бұрын болмаған (экономиканы дамытудың дәстүрлі тұжырымдамалары талдап жасалынған кездері) осы заманғы жоғары дамыған қаржы рыноктарын пайдалану мүмкіндігі; үшіншіден, әлемдік деңгейдегі қатаң бәсеке талаптарына барабар ғаламдық стратегиялық жоспарлаудың қажеттігі.

5. Капиталмен мұндай операциялардың елде жаңа салаларды дамытудың көмегімен жүзеге асырылатын әдеттегі әртараптандырумен салыстырғанда бірқатар артықшылықтары бар.

Біріншіден, инвестициялардан қайтарым тікелей инвестиция салған сәттен басталады, әсіресе қандайда бір ірі нысан құрылысында қажет болатын ұзақ өтімділік мерзімінсіз ұйымдастырылған нарықтағы операциялар сияқты бағыттарға солай болады.

Екіншіден, әртараптандыру салалардың анағұрлым кең спектрінде мүмкін болады, өйткені портфельдік инвестициялар ұсақ бөліктерге бөлініп және көптеген кәсіпорындарға салынуы мүмкін, бұл технологиялық жабдықтардың қазіргідей құны жағдайында айтарлықтай көп капиталды қажет ететін жаңа өндірістер құрған кезде мүмкін емес.

Үшіншіден, әртараптандыру ең озық салаларда жасалуы мүмкін (қатысу немесе акциялар үлесін сатып алу жолымен), ондай салаларды Қазақстанда дамыту материалдық база мен білікті кадрлардың жоқтығы себепті әзірге мүмкін емес.

Төртіншіден, өндірістің пайдасыздығы немесе тиісті салада іскерліктің бәсеңдеуі жағдайында ондағы қаражатты тез шығарып алып, оларды неғұрлым пайдалырақ салаға инвестициялауға болады, қаржы елде болған жағдайда бұл да мүмкін емес.

6. Статистикалық мәліметтер негізіндегі көрсеткіштер бойынша Қазақстан бәсекеге қабілеттіліктің деңгейін көрсете алады. Біздің ойымызша, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың өзімізге тән өлшемдерін талдап жасау қажет, ол жүргізіліп отырған экономикалық саясаттың табыстылығына талдау жасауға және бәсекеге қабілеттілікті арттырудың ұлттық моделінің жүзеге асырылуына түзету енгізуге мүмкіндік береді.

2008 жылдың басынан бастап басты қаржы дағдарысының даму салдарынан көптеген теріс күйзелістердің қиысуы біртіндеп баяулаумен өспелі үрдістерге әкелді, ал одан кейін дүние жүзіндегі көптеген елдерде іскерлік белсенділік төмендеді.

Дағдарыстың белең алуы Қазақстан Республикасына өзінің салдарын тигізіп отыр, оның мынадай салдарларының біртіндеп байқала басталды:

- жылжымайтын мүлік бағасының төмендеуі;
 - әлемдік нарықтағы биржалық тауарлар бағасының едәуір өсуі;
 - мемлекеттің кепілдік берілген және кепілдік берілмеген сыртқы қарыздарының жоғарылауы;
 - орта және шағын бизнеске кредиттік талаптардың қатаюы;
 - тұтыну шығыстары деңгейінің және негізгі капиталға инвестициялардың төмендеуі;
 - қаржы институттарының шамалы залалдары және банкрот болуы;
 - кәсіпкерлік қызметтің белсенділігінің төмендеуі;
 - халықтың тұтыну деңгейінің төмендеуі және жинақ қорларының (яғни, банк депозиттеріндегі халық салымдарының төмендеуі);
 - ішкі сұраныс мен іскерлік белсенділіктің біртіндеп төмендеуі
- әлемдік экономиканың едәуір төмендеу жағына қарай даму перспективаларын төмендету жағына қарай түзетті.

Барлық осы мысалдар қазіргі уақытта Қазақстанда бәсекеге қабілеттілікті арттыру мен ұлттық экономиканы жаңғыртуды тиімді стратегиясы жоқ екендігі туралы тезисті қуаттайды, ол экономикалық саясаттағы жаңсақтықтар мен кемшіліктерді көлегейлеп отырған мұнай бағасының жоғары болуының салдары. Осыған байланысты Отандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен жаңғыртудың ұлттық моделін талдап жасаудың қажеттігі туралы мәселе барған сайын көкейкесті бола түседі. Және ол үлгіні жасауда қаржылық мәселелерін төмендегідей шешу қажет:

- нарық субъектілерінің теріс пиғылды бәсеке мен монополистік қызметтің нәтижесінде алған кірісінің толық көлемде бюджетке түсуін қамтамасыз ету мақсатында оларды Бюджет кодексіне енгізуді қарастыру;
- талап қою мерзімі өтіп кеткен және мемлекеттік мекемелердің депозиттік шоттарында жатқан талап етілмеген ақшаларды пайдаланудың тәртібін реттейтін тетікті қарастыру;
- бюджет тәртібінің деңгейін арттыру, сондай-ақ тиімді түрде қаржылық және

өзге де бұрмалаушылықтардың алдын алу мақсатында әрбір мемлекеттік органда ішкі бақылау (аудит) қызметін құруды қарастыру;

- жергілікті атқарушы органдардың түпкілікті нәтижеге қол жеткізудегі жауапкершілігін арттыратын трансферттерді жоспарлаудың, бөлудің және пайдаланудың жаңа тетігін әзірлеп, енгізу;

- хеджерлеу мәмілесіне қатысты жаңа келісімдер жасасудың орындылығы туралы мәселені, Бюджет кодексінде оны қолдануда тиісті рәсімдерді егжей-тегжейлі зерттеп, енгізгенге дейін қарастыру, сондай-ақ жаңа қаржы тәсілдерін, атап айтқанда – хеджерлеу тетігін қолдануды бағалау жұмыстарын жүргізу;

- толыққанды есепке алуды, мониторингі жүргізуді және сатып алу тиімділігін қоса есептегенде, мемлекеттің қаржы активтерін басқаруды қарастыру;

- республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің республикалық бюджетті атқару кезінде пайда болған дебиторлық берешекті қайтаруы және кредиторлық берешекті өтеуі жөнінде пәрменді шаралар қабылдау;

- мемлекеттік бағдарламаларды қаржылық қамтамасыз етудің негізділігі мен іске асырудың тиімділігін арттыру;

- тиісті тұжырымдамалық құжатты әзірлеудің негізінде мемлекеттің қаржы ресурстарын басқарудың тиімді жүйесін құруда кешенді шаралар қабылдау;

- мемлекеттік холдингдердің және әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдарының әкімшілік шығыстарына мониторингі жүргізудің пәрменді тетігін әзірлеу;

- «Самұрық-Қазына» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» акционерлік қоғамының құрамына кіретін ұлттық компаниялардың бағалы қағаздарын қор нарығына шығару жөнінде іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

- мемлекеттің қаржылық ресурстарын бөлу мен пайдалану механизмін дұрыс жолға қою;

- бірыңғай кеден одағының жағдайында бәсекеге төтеп беретін, экспортқа тауар шығара алатын кәсіпкерлікті мемлекет тарапынан қолдау (салықтық, несиелік жеңілдіктер).

Жоғарыда аталғандарды түйіндей келгенде, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін нақты арттыру үшін қандайда бір шетелдік рейтингтің формалды өлшемдеріне сәйкес келумен шектеліп қалмай, барлық экономикалық үдерістерді, экономикаға мемлекеттің қатысуы жүйесін қоса алғанда, жаңғыртуды көздейтін бәсекеге қабілеттілікті жаңа сапалық деңгейде арттырудың кешенді ұлттық моделін талдап жасау мен жүзеге асыру және де ең бастысы – өмір сүру сапасы мен елдің адами әулетін арттыруға бағытталған дамудың ғылыми негізделген басымдықтарын анықтау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Портер М. Международная конкуренция. М.: Международные отношения, 1993. 590 с.

2. Шумпетер И. А. История экономического анализа. В 3-х т. Экономическая школа, 2007.

3. Баймуратов У.Б. Деньги и Финансы: нелинейная система: научно-популярное издание. Том 1.-Алматы. Экономика, 2005. 125 с.

4. Демесинов Т. Бәсекелік қатынастарды реттеудің теориясының дамуы // «Ізденіс - Поиск» ҚР Білім және ғылым министрлігінің ғылыми журналы. - № 4. - 2009. – Б.10-13.

5. Е.Смайыл. Нарықтық ортаның бәсекелестігі мен мөлдірлігі ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің факторлары болып табылады// Егемен Қазақстан. №176-177, 14.06. 2011.

6. А.Перуашев. Приближение налоговой системы к международным стандартам//Вестник налоговой службы РК. 2010. -№2.

7. Оксикбаев О. Устойчивость параметров экономического развития экономической

безопасности Казахстана // Финансы Казахстана, №2, 2008, с.26.

8. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы. 25.12.2019.

9. ҚР дамуының 2012-2025 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық Бағдарламасы. 2012.

References:

1. Porter M. International competition. М.: Международные отношения, 1993. 590 с.
2. Schumpeter I. A. History of economic analysis. In 3-x t. School of Economics, 2007.
3. Baimuratov U.B. Money and Finance: non-linear system: scientific-popular publication. Volume 1.-Almaty. Economics, 2005. 125 p.
4. Demesinov T. Development of the theory of regulation of competitive relations // "Izdenis - Search" scientific journal of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. - № 4. - 2009. - P.10-13.
5. Smail E. Competitiveness and transparency of the market environment are factors of competitiveness of the national economy // Egemen Kazakhstan. №176-177, 14.06. 2011.
6. Peruashev A. Approximation of the tax system to international standards // Bulletin of the tax service of the Republic of Kazakhstan. 2010. -№2.
7. Оксикбаев О. Sustainability of parameters of economic development of economic security of Kazakhstan // Finance of Kazakhstan, №2, 2008, p.26.
8. The concept of development of the financial sector of the Republic of Kazakhstan for 2019-2025. 25.12.2019.
9. Industrial and Innovation Program of the Republic of Kazakhstan for 2012-2025. 2012.

Информация об авторах:

Джумабаева А.З. - Преподаватель Колледжа Академии «Кайнар», Алматы қаласы

Оразбекова Айжан Рамазановна - старший преподаватель, магистр гуманитарных наук, кафедры «Психологии и журналистики», Академия «КАЙНАР» 050013 ул.Сатпаева 7 а, г. Алматы.

Омарова Салтанат Бияхметовна – кандидат педагогических наук, профессор, Академия «Кайнар», Алматы қаласы

Көпберген А. - 7М01301-«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 1-курс магистранты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан Республикасы

Игэлэг Қарақат - «7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Шынберген.Н.М. - Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, ПМНО-21-1 м (б) магистранты

Еркинбекова М.А. - доцент Академии «Кайнар», кандидат психологических наук

Жаксибеков Марлен Нурланулы - магистрант 1-курса, Академия «Кайнар»

Жуман Елдар, докторант по PhD «Varna Free University» (г.Варна, Болгария), магистр менеджмента качества

Тоқабаетова Н.А. - Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, «Әлемдік экономика» мамандығы, 2 курс магистранты

Чэн Хан Бо - Магистрант 2 курса ОП «Мировая экономика», КазНУ им. аль-Фараби

Сапарбаев Абдижапар Джуманович - доктор экономических наук, профессор, проректор по научной работе Академии Кайнар; 050013 ул.Сатпаева, 7а, г.Алматы, Казахстан; sad171@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-4494-7568>,

Мнажова Іңкәр Айдарбекқызы - Магистрант 1 курса кафедры «Экономика и бизнес» Академии Кайнар

Еспусинова Асель Имангалиевна - Магистрант 1 курса кафедры «Экономика и бизнес» Академии Кайнар

